

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шашпақ...*  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**11/2017**

**ҚАРАША**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразақынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### *Таным табиғатында*

Ғ.ШӨРІБЖАНОВА. М.ӘБІЛҰЛЫ.	Сөйлемнің әр түрлі аспект тұрғысынан зерттелуі.....3
Г.МАҚАТОВА.	VIII-XI ғасырдағы түркі оқымыстылардың шет ел экспанциясына қарсы идеологиялық күресі.....12
Қ.ОЗЫҚБАЙ.	Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамытуға арналған тиімді әдіс-тәсілдер.....22
Ә.ИМАНҚАЛИЕВА.	Жанартылған білім мазмұны – ұстаз келбетінің жаңғыру айнасы.....26
	Эки Ахметовтың “Абайдың ақындық әлемі” атты еңбегін сабақта пайдалану.....30

### *Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

Ж.СЕНҒЕРБЕКОВА. Ә.ТУРДИНА. Ж.БИГЕЛДИНОВА. Б.ҚИНАЯТОВА. Ә.ҚҰМАШБАЕВА. Ө.САДЫҚОВА. З.ОРАЛОВА. Ж.УТЕШКАЛИЕВА. Р.ГИЗЗАТОВА.	Мағжан Жұмабаев. «Толқын».....35
	Ыбырай Алтынсарин. «Қыпшақ Сейітқұл».....40
	Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Таныстыру» поэмасы.....44
	Мұхтар Әуезов. «Көксере».....46
	Нұрдәулет Ақыш. «Нағыз әже қайда?».....53
	С.Мұратбеков. «Жусан иісі».....60
	Мағжан Жұмабаев. «Батыр Баян» поэмасы.....64
	Т.Нұрмағанбетов. «Анасын сағынған бала».....72
	Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы.....76

### *Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

Г.МЕҢДІҒАЛИЕВА. А.ТҰҢҒАТАРОВА. Б.ҚҰЛАНБАЕВА. Ж.ОРАЗБАЕВА. А.САЙЛАУХАНОВ. А.САБЫРЖАНОВА. С.БЕКІБАЕВА. Ж.ҚҰАНЫШЕВА.	Қонақ күту.....80
	Еліктеу сөздер.....87
	Сөздердің байланысу тәсілдері.....91
	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі.....98
	Антонимдер.....102
	Ғылым мен технологияның жетістіктері.....106
	Мәңгілік Ел - бұл Тәуелсіздік және Астана.....113
	Төр - құрметті орын.....118

### *Сыныптан тыс шара*

З.МАТАН. Б.ХАНСҰЛТАНОВА.	Жүз жасаған бөйтерек.....121
	Қызықты қазақ тілі.....128

### *Білім сынағында*

А.ҮМІТБАЕВА.	«Абай жолы» роман-эпопеясының «Қайтқанда» тарауы бойынша тест сұрақтары.....136
--------------	--

*Таным табиғатында*

ӘОЖ: 81-1-027.21

**Ғ.ШӘРІБЖАНОВА,**

Алматы энергетика және байланыс

университетінің доценті, ф.ғ.к.

## **СӨЙЛЕМНІҢ ӘР ТҮРЛІ АСПЕКТ ТҮРҒЫСЫНАН ЗЕРТТЕЛУІ**

Мақала сөйлем аспектілерінің тіл жүйесіндегі орнын қарастыруға бағытталған. Талдау заманауи лингвистикалық әдебиетте сөйлеуді коммуникация бірлігі ретінде қарау керек деген түсінікке негізделген. Сөйлемді зерттеу кезінде коммуникативтік аспект қарым-қатынас үстінде пайда болатын тілдік бірліктердің ерекшелігін көрсетеді. Коммуникативтік-прагматикалық тәсілде сөйлемді зерттеуге сөйлем семантикасына әрқелкі прагматикалық факторлардың әсерін зерттеу керек деген қағида ұсынылады.

Түйінсөздер: сөйлемаспектілері, лингвистикалық әдебиет, коммуникативтік аспект, прагматикалық факторлар.

Сөйлем тіл жүйесіндегі ең күрделі бірлік болып табылады. Оның күрделілігі, біріншіден, құрамы шектелмеген, екіншіден, сөйлем элементтерінің көп жоспарлы қатынасымен байланысты, үшіншіден, мазмұн мен форма арасында көптеген қиындықтар пайда болуы мүмкін. Сондықтан жоғарыда

айтылғандардан басқа, сөйлем аспектілерін анықтауда да қиындықтар туындайды. Бұл арада еске түсіре кетейік деп отырғанымыз сөйлемнің үш аспектісі – құрылымдық, семантикалық және прагматикалық. Сөйлем мазмұны мен формасы бойынша сипатталады. Әр сөйлемнің өз ерекшелігі бар. Бәрінен бұрын сөздің сөйлем ішінде біріккен кезде жай ғана сөз жиынтығы емес, қалай сөйлемге айналғанын анықтау керек. Сондықтан сөйлемнің осы аспектісін сөйлемді құрылымдық ұйымдастырудың аспектісі немесе жай ғана құрылымдық аспектісі деп атауға болады. Бұдан басқа, грамматикалық мағыналардың формалды көрсеткіштерін де зерттеу керек. Бекітушілік, жоққа шығарушылық, қозғаушылық, сұрау, өзіндік, өзгелік – осы және басқа да көптеген мазмұндық белгілер сөйлемнің синтаксистік сипаттамасында өз орнын табуы керек.

Сөйлемнің екінші аспекті – семантикалық – сөйлемнің кейбір мағыналық белгілері туралы айтылғанда сөз болды. Семантикалық белгілер сөйлем компоненттерінде де болады, мысалы, бағыныңқы сөйлемдер, сөйлем мүшелері (толықтауыш, пысықтауыш және т.б.), салалас құрмалас сөйлемнің бөліктері. Одан басқа «агенс», «пациенс», с.с. семантикалық мәндер сөйлем семантикасын зерттеу нысанына кіреді.

Бұдан басқа сөйлеу актілерінде

қолданылатын сөйлемнің прагматикалық аспектіні бөліп көрсетуге болады. Оған сөйлемдердің бекіту, растау мағынасында, сұрау мағынасында, сендіру мағынасында, т.б. күрделі жүйелі байланысын жатқызуға болады. Құрылымдық, семантикалық және прагматикалық аспектілер белгінің үш негізгі жағын - форма, мазмұн және пайдалануды қамтитындықтан, негізгі болып табылады.

Сонымен сөйлемнің прагматикалық аспекті сөйлеу актілерінде қолданылады. Сөйлемнің (сөйлеудің) коммуникативті интенциясы дегеніміз – сөйлем қандай мақсатпен айтылғандығын білдіру.

Сөйлемнің иллокутивті күші – сөйлемді ешқандай мақсатсыз, өзі үшін айту (жаттығу мақсаттарында қолданылады, бала тілінде кездеседі).

Сөйлеудің перлокутивтік әсері – сөйлем өз мақсатында қолданылғандағы әсер.

Сөйлеу актілері – қандай да бір мақсатты көздеуші (сендіру, қоқан-лоқы көрсету, өтініш айту, кеңес беру, бұйыру) коммуникация актілері. Осымен байланысты келесі прагматикалық сөйлем мен прагматикалық құрылым типтерін бөліп көрсетуге болады.

Полипредикативті күрделі сөйлем көп аспектілік тұрғысынан зерттеледі. Оның негізгі ерекшеліктерінің бірі – қарым-қатынас құралы болу, сондықтан сөйлемді коммуникативті прагматикалық аспектіде зерттеу полипредикативті

сөйлемдердің қалыптасу табиғатын әр қырынан түсіну үшін маңызды [1: 48; 2: 26]. Заманауи лингвистикалық әдебиетте сөйлем тіл бірлігін білдіріп, сөйлеуде оған коммуникация бірлігі ретінде қарау керек деген түсінік таралды. Коммуникативті бірліктегідей сөйлем сипаттамасы автордың мақсатын түсінуге мүмкіндік туғызады. Пікір білдірілген сөйлемде әркелкі көкейкесті ақпарат болады. Коммуникативті-прагматикалық мақсаттарға байланысты оған сәйкес міндеттер – хабарлау, түрткі болу, сұрау іске асырылады. Автордың коммуникативті-прагматикалық мақсаты пікір білдірілген сөйлемнің маңызды мүшеленуін қамтамасыз етеді. Полипредикативті күрделі сөйлемдерде, сөз тәртібі мен екпіннен басқа, оның маңыздылығына предикативті бөліктердің өзара орналасуы да қызмет етеді. Дегенмен пікір білдірудің қалыптасуына лингвистикалық қана емес, экстралингвистикалық факторлар да қатысады, сондықтан коммуникативтік аспектімен прагматикалық аспект де қабысады. Прагматикалық ғылымның терминологиялық аппаратын ұйымдастырушы негізгі түсінік коммуникативтік жағдаят, адресант, адресат, интенция, сөйлеу акті болады. Сөйлеуші, жазушы, тыңдаушы немесе оқушы адамның мүмкіндігін зерттеу сөйлеу актілері туралы ілімнің шығуына түрткі болды. Сөйлеу актілерінің дәстүрлі үлгісі

ажырамас бүтіндікті көрсетеді: адресант – мәтін – адресат. Аталған компоненттердің біреуін алып тастаса, тілдік коммуникацияның болуы мүмкін емес. Политпредикативті күрделі сөйлемдердің негізгі түсінігі – адресант және адресат. Адресант интенциясы, оның қағидалары, көзқарастары, түрткі болатын және бағалаушылық ниеті, ұстанымы мазмұны жағынан коммуникативті-прагматикалық мақсаттармен қамтылған сөйлем арқылы тікелей іске асырылады. Сөйлемді зерттеу кезінде коммуникативтік аспект қарым-қатынас үстінде пайда болатын тілдік бірліктердің ерекшелігін көрсетеді. Коммуникативтік-прагматикалық тәсілде сөйлемді зерттеуге сөйлем семантикасына әркелкі прагматикалық факторлардың әсерін зерттеу керек. Қазіргі кездегі синтаксистердің айтуынша, сөйлем оқшау түрінде емес, нақты коммуникативті-прагматикалық жағдайында зерттелуі керек. Тілдік бірліктердің қалыптасуында адам тілдік жеке тұлға ретінде байқалады. Сондықтан антропоцентристік тәсіл «түп негізінде адами фактордың белсенді рөл атқаратындығын мойындауында жатқан осы немесе басқа ақиқат құбылыстардың дамуында» маңызды болып табылады [3: 25]. Бұндай тәсіл сөйлеу әрекетін зерттеуге тілдік құбылыстардың қалыптасу жүйесінде адамның атқаратын рөлін зерделеуге мүмкіндік береді.

Заманауи публицистикалық мәтіндерде

зерттеушілер тұрақтанған жанрлық жүйенің өзгеруін белгілейді. Автор өз ойын жанрлық шекті кеңейте отырып, публицистикалық мәтінді әлеуметтік әсер етудің белсенді құралы ретінде сөйлеудің коммуникативтік кеңістігінде жүзеге асырады. Публицистикалық мәтіннің негізгі интенциясы – бір нәрсеге адамның көзін жеткізу, сендіру. Адресат бейсанасын ашық, эксплициттік, сыры ашылмаған мәтін арқылы және имплициттік әсермен көзін жеткізіп, оқырман санасына әсер етеді. Сөйлеуді қуаттаудың насихаттаушы стратегиясы ретінде полипредикативті күрделі сөйлемдерді жарнамалық мәтіндерде қолданады: Түсімізге кірген және армандағанда рахатқа бөлейтін, күтпеген кездесулер мен таңғажайып өзгерістердің барлығын – жаңа топтама Samsung La Fleur іске асырады [4: 29]. Адресант жарнамада орнаған тәртіпке сай өзіне тән айла-тәсілдерді қолданады, мысалы, логикалық дәлелдер «күтпеген», «таңғажайып» ақиқатқа негізделген бояулы, жалынды ұйғарымдармен алмастырылады. Полипредикативті күрделі сөйлемдердің предикативті бөліктерінің өзіндік құрылысы, ойланып ақылға салынып орналасуы сөздің үйлесімділік, тиімділік, жатықтық әсерін жасайды. Автор мәжбүрлеусіз әңгімелескен сипат таныта отырып, мақсатты түрде сырын ішіне бүккен мәтін арқылы жаңа басылымның артықшылығына



адресатты сендірумен оның бейсанасына ықпал етеді, мысалы, «Журнал неліктен «қалалық» деген сұраққа жауап, меніңше, айдан анық: Краснодарға премиум қатардағы жылтырақсыз, жағымпазданбайтын және шарықтамайтын, жайдары мәтіндермен, адами тақырыптармен және көңілді әрлендірмелермен безендірілген қарапайым қалалық басылымдар жетіспеді» [5:3]. Публицист өзінің ұстанымын оқырман сезіміне әсер ету арқылы жеткізуі – елеулі интенционалдық категорияның бірі - стилистикалық үндестілік. Жазып отырған мәтінге жалынды түрде қабылдауды кірістіру ғана емес, оқырманның бейсанасына әсер етуді де сөйлем мен мәтін құрастыруда амалдап пайдаланған автордың мақсаты осылайша жүзеге асады. Оған мынадай мысал келтіруге болады: «Ауылдағы өрнеулік онсыз да осал, нәзік, жіпті тартып қалсаң – қатты дыбыстан қайыңдар қалтылдайды, ойып жасалған жақтаулар дірілдейді, соқпақ жол селкілдейді, төмен қарай аязды аппақ шаң-тозаң жауады... [6: 48]. Сөйлемдегі лексикалық синонимдер (селкілдейді, қалтылдайды) мен арнайы құрылымдар баяндау сыршылдығын инверсияға дейін жеткізеді (осал, нәзік жіп; қайыңдар қалтылдайды, соқпақ жол селкілдейді, шаң-тозаң жауады). Публицистикалық мәтінде автор ұстанымының бейтараптығы болмайды. Адресаттың көзін жеткізу үшін автордың еріктілік

қағидасын, оның құндылықты мақсатын ашатын стилистикалық үндестілік пайдаланылады [7:441].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Марченко Е.П. Полипредикативные сложные предложения в современном русском языке: структурно-семантические, коммуникативные и текстообразующие потенции: монография. Краснодар: Изд-во КубГУ, 2003. 250 с.

2. Марченко Е.П. Полипредикативные сложные предложения в современном русском языке // Русский язык в школе. 2004. № 3. С. 26-32.

3. Энциклопедический словарь-справочник лингвистических терминов и понятий. Русский язык: в 2 т. Т. 1 / А.Н.Тихонов, Р.И.Хашимов, Г.С.Журавлёва [и др.]; под общ. ред А.Н.Тихонова, Р.И.Хашимова. М.:Флинта: Наука, 2008. 840 с.

4. Кайда Л.Г. Эффективность публицистического текста. М., 1989. 183 с.

5. Воробьева А. Колонка редактора // Свежий номер. 2010. Октябрь. С. 3.

6. Лесная М.В. Лингвокреативные ресурсы нарративных методик новостийности в публицистической сфере // Вестник Адыгейского государственного университета. Сер. Филология и искусствоведение. 2009. Вып. 1 (41). С. 77-81.

7. Бондарев Ю.В. Мгновения. М.: Современник, 1987. С. 438-442.

### **Исследование предложения в различных аспектах**

В статье рассматривается предложение в аспекте языковой системы. Коммуникативный аспект при исследовании предложения позволяет выявить особенности языковых единиц коммуникации. Представлен принцип влияния различных факторов на семантику предложения при коммуникативно-прагматическом подходе.

Ключевые слова: аспекты предложения, лингвистическая литература, коммуникативный аспект, прагматический фактор.

#### **Research proposals in various aspects**

The article deals with the proposal in the aspect of the language system. The article proves why speech in modern linguistic literature should be considered as a unit of communication. The communicative aspect in the study of the sentence makes it possible to identify the characteristics of linguistic units of communication. The principle of the influence of various different factors on the semantics of the sentence is presented in a communicative-pragmatic approach.

Key words: aspects of the sentence, linguistic literature.

**М.ӘБІЛҰЛЫ,**  
**филология ғылымдарының**  
**кандидаты, профессор.**  
**Тараз Инновациялық**  
**гуманитарлық университеті.**  
Тараз қаласы

## **VIII-XI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІ ОҚЫМЫСТЫЛАРЫНЫҢ ШЕТ ЕЛ ЭКСПАНЦИЯСЫНА ҚАРСЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕСІ**

VIII-IX ғасырларда түркілердің рухани қазынасын жойып жіберуді мақсат тұтқан арабтардың шапқыншылығы мен экспанциялық әрекеттері туралы ғалымдарымыз ғылыми еңбектер жазды. Солардың бірі профессор Н.Келімбетов. Ол "Ежелгі дәуір әдебиеті" деп аталатын оқулығында осы тарихи дәуір туралы былай деп жазды: "Орта Азия мен Қазақстанның көп жерлерін араб басқыншылары VIII-IX ғасырларда жаулап алғаны мәлім. Арабтар жергілікті халықтардың мал-мүлкін тонады, өздерін құлдыққа салды, қалалары мен елді мекендерін қиратты. Сондай-ақ олар жергілікті халықтың сан ғасырлық тарихы бар рухани қазынасын-тілін, жазуын, мәдениетін, әдебиетін, ежелден қалыптасқан наным-сенімін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, т.б. мүлдем жойып жіберуге барынша әрекет жасады. Олар зорлықпен елдің бәрін Ислам дініне енгізіп, араб тілін міндетті мемлекеттік тілге

айналдырды. Барлық жерде оқу-білім тек араб тілінде ғана жүргізілді. Ежелгі түркі жазуларын қолдануға қатаң тыйым салынды..." (Н.Келімбетов, "Ежелгі дәуір әдебиеті", Алматы, "Мектеп" баспасы, 1991 жыл,135 бет).

Бұл дәуір қазақ түркілері үшін де өте ауыр нәубет болды. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрден қол үзу-қазақ түркілерінің жер бетінен жойылып, ассимиляцияға ұшырап кету қаупі туған еді. Ежелгі сақтардан, ғұндардан қалған ескерткіштер жойыла бастады. Тасқа қашап жазылған ескерткіш-жазулар саналы түрде өшірілді. Мәдени, әдеби жәдігерліктердің елдің жадында қалмауы үшін әр түрлі қитұрқылар жасалды. Тек бір ақылды адамдар осы дәуірде өз халқының болашағын ойлап, тасқа қашап жазылған "Күлтегін", "Тоныкөк", "Білге" дастандарын Орхон-Енисей өзендерінің бойына әкеліп жасырды. Бәлкім, мұнан да құнды жәдігерліктер жер астында жасырылып жатқан шығар.

Ұлан-байтақ даланы қанатының астына алып, аттың жалында жүріп жерін қорғаған түркілер арабтардың басқыншылық әрекеттеріне қарсылық көрсетті. Олар ата-бабалары сақтардың күміс тостағанға жазып қалдырған "Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк!" деген өсиетіне адалдық танытты. Түркілер арабтардың басқыншылық іс-әрекеттерін одан әрі жалғастыруға жол бермеді. Арабтардың өктемдігіне қарсылық ғасырларға жалғасты. Ондай қарсылықтардың бірі-

идеологиялық күрес болатын. Ақыры түркілер араб халифатының билігін жойып, Түркістанда X ғасырдың орта шенінде Қарахан мемлекетін құрды. Бұл тарихи нәубет туралы профессор Н. Келімбетов былай деп жазады: "Бұған наразы болған халық арабтарға қарсы және мұсылмандыққа қарсы жер-жерде көтерілістер жасады. Мұндай көтерілістер мен бүліктер бірте-бірте өрши түсті. Дәл сол кезде жергілікті феодал-ақсүйектер халықтың араб басқыншыларының үстемдігіне қарсы азаттық күресін өз мүдделеріне пайдаланып қалу үшін жан салды. Олар араб халифаларының билігін жойып, әкімшілік правосын түгелдей өз қолдарына алуға ұмтылды. Ақыры солай істеді де. Өкімет билігі жергілікті феодал-шонжарлардың қолына көшті. Соның нәтижесінде Жетісу жері мен Шығыс Түркістанда (Қашғарда) X ғасырдың орта шенінде Қарахан мемлекеті пайда болды..." (Н. Келімбетов, "Ежелгі дәуір әдебиеті", Алматы, "Мектеп" баспасы, 1991 жыл, 135 бет).

Арабтардың рухани экспанциясына қарсы шыққан жазушы-ақындар, ғалымдар өз халқын өзге халықтың шырмауына түсіп кетпеуі үшін жанталаса қарсылық көрсетіп жатты. Олар ғасырлардан қалыптасқан түркілердің мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтап қалуды көздеді. Сол күрескерлердің бірі-Қожа Ахмет Иасауи болды. Ол түркілердің мәдениеті мен әдебиетін сақтап қалу жолында жанқиярлықпен еңбек етті. Түркілердің әдебиетке деген құштарлығын Ислам діні аясында өрбіте білді. Сөйтіп ғажайып поэзияның

іргесін қалады. Ол қасиетті Құран кітабымен үндесетін әйгілі хикметтері еді. Ол осы хикметтерін жазу арқылы түркілердің әдебиетін Ислам діні шариғаттарымен ұштастыра білді. Сөйтіп, түркі әлемінде ғажайып әдебиет - сопылық діни поэзияны дамытты. Ахмет Иасауи осы хикметтерінің бірінде: "Менің хикметтерім Алладан пәрман, оқып шыққандарға мазмұны-Құран" деп ашық айтты.

Түркілердің тілін араб тілінің жанында бейшара халге түсірмеуге тырысқан, түркі тілін ана тілі дәрежесінде көкке көтеруде еңбек еткен екінші ғұлама, ойшылымыз Жүсіп Баласағұн болды. Ж. Баласағұн "Құтты білікті" түркі тілінде жазу арқылы түркі мәдениеті мен әдебиетін өзге халықтардан оқ бойы алға шығарды. Мұның өзі өз дәуірінде үлкен рухани құндылықтардың бірі болды. Профессор М. Мырзахметұлы түркі тілін тірілткен Ж. Баласағұн мен А. Иасауидің тарихтағы орыны туралы былай дейді: "...Біздің зерттеушілер бір өзекті нәрсеге кіре алмай жүр. Олар "Құтты білік" туралы айтқанда, мемлекет, саясат, шаруашылық, мәмілегерлік өнер, ақындық, шешендік және басқалар туралы сөз етеді. Бірақ кітапта ең өзекті рухани мәселе жатқанын сезбейді. Бұл қабаттың астарын тереңінен ашпай, шығарманың идеялық мазмұнын ғылыми тұрғыдан таратып бере алмаймыз.

"Құтты білікті" зерттегенде нағыз зерделейтін мәселеміз-"жәуанмәрттік" ілімінің негіздерін ашып, талдау. Сонда ғана қалғанын толық тани аламыз.

Біз кітаптың рухани өзегін таппай, сыртын айналып әуреленудеміз..." (М.Мырзахметұлы, "Ұлтты тану рухани кемелдікке сүйенеді", "Егемен Қазақстан" газеті, 17 қаңтар, 2017 жыл).

Ж.Баласағұнның жауанмәрттік ілімі түркілердің әлем алдындағы орынын айғақтап берген еді. "Құтты білік" дастаны арабтардың салт-дәстүрін түркілердің тұрмысына енгізуге қарсы жазылған бірден-бір шығарма болғаны рас. Ол: "Мен арабтардың экспансиялық саясатына қарсымын..."-деп ашық айтпағанымен бұл еңбекте арабтардың экспансиялық әрекеттеріне астарлы түрде жүргізген күрес идеяларының бой көрсетіп тұрғанын байқауға болады. М. Қашғари былай деп жазды: "...Өз дертін айту уа түріктерге (түркілерге, М.Ә.) жақын болу үшін оларға түрік (түркі) тілінде сөйлесуден пайдалы жол қалмады...Ең ашық-айқын әрі тура да түзу тіл-тек сол бір ғана тілді біліп, парсылармен араласпайтын және шет өлкелермен барыс-келіс жасамайтын кісілердің тілдері..." (М. Қашғари, "Түрік сөздігі", Алматы, "Сөздік-словарь" баспасы, 2006 жыл, 7-8-беттер).

"Құтты білік" дастаны туралы Н. Келімбетов: "Бұл дастан-мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік принциптерін, қоғамдық-саяси мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар нормасын қамтыған, энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды..." (Н. Келімбетов, "Ежелгі дәуір әдебиеті", Алматы, "Мектеп" баспасы, 1991 жыл, 159 бет)-деп



жазды. Арабтардың өктемдігі, елді тонауы, халықты құлдыққа салуы ақынды ойлантпай қойған жоқ. Міне осындай адамгершілік қасиеттердің аяқ асты болуына байланысты айтқан ойлары мемлекетті қалай басқару керектігі жайлы терең талғамымен астасып жатты. Бір халықтың, бір ұлттың екінші бір халыққа, ұлтқа жасаған қиянаты, идеологиялық насихаты ұлы ойшылдың санасына кері әсер еткені шындық. Бөтен елдің табанының астында ұлтарактай езілмеуін ойлаған ойшыл, өз халқының санасын тереңге жетелегені рас.

Профессор М.Мырзахметұлы А.Иасауидің қазақ түркілерінің дәстүрін Ислам дінімен ұйыстыра білгенін атап көрсетеді: "...Иассауи дін мен қазақтың ұлттық дәстүрін ұйыстыра білді. Екіншіден, поэзияны "Құтты біліктен" кейін түркі тілінде сөйлетті. Ғылым мен поэзияда үстемдік еткен араб, парсы тілдерінен бірінші рет бас тартқан "Құтты біліктің" авторы болса, екіншісі-Иасауи. Түркі тілі өте сақ, киік сияқты ұстатпайтын, соны ырыққа көндіріп, кітап жазу-үлкен құбылыс..." (М. Мырзахметұлы, "Ұлтты тану рухани кемелдікке сүйенеді", "Егемен Қазақстан" газеті, 17 қаңтар, 2017 жыл).

Ал, белгілі дінтанушы ғалым Зікірия Жандарбек А.Иасауидің тарих сахнасындағы рөлі туралы былай деп жазады: "Түркінің ұлы ұстазы араб пен парсының жалған имамдары жұқтырған бүкіл рухани кеселді қоғамнан жойды. Жүрек көзін ашатын Хикмет ілімін түркі баласынан олардан артық игермесе кем

білмейтінін іс жүзінде көрсетті. Шариғат айтып дауласатын догматиктерді ілімнің күшімен тас-талқан қылды. Иасауи ежелгі түркілік салт пен санаға КИЕ дарытып, мәңгілік құндылыққа айналдырды. Дала заңдарын Құран рухымен үндестіріп, Исламның түркілік жаңа формасын әлемге сыйлады. Ислам өркениеті түркі мәдениетімен тағы да байыды. Әйтпесе "түркі тілі дымға жарамайды" деген әңгіме сол кезден бар еді. Бұл көзқарас әлі тірі. Орысқа, арабқа, ағылшынға бас ұрғандар "Қазақ тілі дымға жарамайды" деп жиі айтады..." (З. Жандарбек, "Ұлтты сату бір әріпті сатудан басталады", республикалық "Жас Алаш" газеті, 19 қаңтар, 2017 жыл).

Бір таңданарлығы ғалымдарымыз Х ғасырдың орта шенінде құрылған Қарахан мемлекеті тұсында арабтардың мәдени экспанциясына қарсы идеологиялық күрес жүргізген Ж.Баласағұн, М.Қашғари, А. Иасауи, А.Жүйнеки, М.Қашғари сияқты оқымыстылардың озық ойлары туралы аз жазады. Олардың рухани құндылықтарды алға қойып, бөтен жат ел адамдарына тізе бүкпеу қажеттігін алға тартқан пікірлеріне назар аудармайды.

Айта кетерлік жәйт - сол дәуірдегі арабтардың мәдени экспанциясы дінтанушы З.Жандарбектің айтуынша осы дәуірде де жүргізіліп жатыр. Сондықтан шет елдердің бізге жасап жатқан рухани экспанцияларына қарсы идеологиялық күрес жүргізуіміздің қажет екені түсінікті.

Түркілік идеологияны түркілердің санасына сіндірген үшінші оқымысты-Махмұт Қашғари. Ол түркілердің ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, елге ұсынды. Түркілердің бай ауыз әдебиеті арқылы олардың санасын оятып, дендеп келе жатқан арабтардың салт-дәстүрінің халық арасына еніп кетуіне қарсы әрекет жасады. Осы мақсатта ол түркі тілдерінің тұңғыш грамматикасын жасады. Профессор Н.Келімбетов М.Қашғаридың "Түркі сөздерінің жинағы" атты еңбегі туралы былай деп пікір өрбітеді: "Диуани лұғат ат-түрк" тек түркіше-арабша түсіндірме сөздік ғана емес, сонымен бірге, ол түркі тілдерін зерттеуде теңдесі жоқ ғылыми еңбек. Біз үшін ең маңыздысы-автор түсіндірме сөздікке ежелгі ауыз әдебиеті үлгілерінен, өзі өмір сүрген орта ғасырдағы поэзиялық шығармалардан аса құнды материалдар -түрлі тақырыптағы өлең-жырлар, ертегі-аңыздар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер т.б. көркем сөз үлгілерін енгізген. Әдеби шығармалар мен халықтық фольклордан алынған үзінділерді Махмұт Қашғари осы сөздіктегі әрбір сөздің мән-мағынасын оқушысына тереңірек түсіндіру үшін мысал ретінде алып отырған.

Сөйтіп, алғашқы қауым адамдарының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, еңбегін, сана-сезімін бейнелейтін ауыз әдебиетінің ғажайып үлгілері бізге Махмұт Қашғаридың еңбегі арқылы жетті. Сондай-ақ орта ғасырдағы көбіне дидактикалық сарында болып келетін жазба әдебиет үлгілерін де біз ұлы ғалымның осы кітабынан аламыз..." (Н.Келімбетов, "Ежелгі дәуір

әдебиеті", Алматы, "Мектеп" баспасы, 1991 жыл, 139 бет).

М.Қашғари алғашқы қауым адамдарының өмірі мен тұрмыс тіршілігін бейнелейтін ауыз әдебиетімен бірге орта ғасырларға дейін тарих сахнасында сақ және ғұн деген ұлыстардың өмірін бейнелейтін ауыз әдебиеті үлгілерін де кітабына енгізді. Соның бірі-Алып Ер Тұңғаны жоқтау жыры. Демек, М.Қашғари араб экспанциясына қарсы түркілердің ежелгі бабалары сақтар мен ғұндардың да ауыз әдебиетін- рухани құндылықтарын қарсы қойған. Осындай ғажайып еңбектер түркілердің дүниеге деген көзқарасын арттырып, күміс тостағандағы "Аға, (бұл) ошақ!"-деген жазуды, түркілердің ошағы бұзылмасын, түтіні түзу ұшсын, өзіміздің елге-отбасымызға өзіміз ие болайық деген ұран тастады.

Арабтардың мәдени экспанциясына қарсылық көрсеткен М.Қашғари халық ауыз әдебиеті үлгілерін халыққа тарату арқылы өзінің күресін бір мезет те тоқтатқан жоқ. Ал, ауыз әдебиеті сол дәуірде шет елдік бөгде адамдарға қарсы қолданатын қару болды. Бұл жөнінде дінтанушы З.Жандарбек былай деп жазды: "... Иасауи шайқылары билікке ықпал етуді бастағанда, көне түркілік рух тіріліп шыға келеді. Мәдениеттің барлық саласында даму байқалады. Ауыз әдебиеті мазмұны жағынан байып кетеді. Ең қызығы Иасауи шайқылары халықты ассимиляцияға ұшыратпайды. Керісінше, басқаның өнімін өзіне сіңіріп, төл танымына

бейімдеумен күшейеді..." ..." (З.Жандарбек, "Ұлтты сату бір әріпті сатудан басталады", республикалық "Жас Алаш" газеті, 19 қаңтар, 2017 жыл).

Демек, орта ғасырлардағы араб экспанциясының рухани зардаптарына қарсы күрескен түркі оқымыстыларының еңбектері өз халқын рухани бұғаудан осылай азат еткен екен. Ж.Баласағұн, А.Иасауи, А.Жүйнеки, М.Қашғари сынды түркілердің араб экспанциясына қарсы жүргізген идеологиялық күресі жойқын күшке ие болғанына көз жеткіземіз. Ендеше рухани байлықтың идеологиялық жойқын күшке айналатынын сезе отырып, ұлтымыздың идеологиясын жасауда біз де қазіргі таңда сырттан келетін экспанциялық күштердің теріс уағыздарына тойтарыс беріп отыруымыз қажет. Әйтпесе кез келген бөгде ұлттың бұғауында қалып қойыуымыз әбден мүмкін.

Үнді мемлекетінің қоғам қайраткері Махатма Ганди: "Басқа елдерден келген желдің соққанына қарсы емеспін, бірақ олар есігімізден де, тереземізден де кіріп, өз аяғымызға тұра алмайтындай жағдайға ұшыраудан сақтандырамын" - деп өз ұлтын техногендік өркениет дәстүрлерінен сақтандырған еді. Біздің міндетіміз-өскелең ұрпақтарды ұлттық идеология дәстүрімен тәрбиелеп, рухани байлығын молайтуға үлес қосу.

Г.МАҚАТОВА,  
№26 ЖОМ.  
Павлодар қаласы

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

Бүгінгі таңда ұстаздардың алдарына қойылған мақсат - тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын өз Отанының мемлекеттігінің кепілі – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын, білім сапасының бәсекелестігін арттыру болмақ.

Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында мұғалімдерге өте үлкен міндет жүктеледі. Осындай күрделі міндетті орындау үшін мұғалім білімін үнемі жетілдіріп, толықтырып отыруы керек.

Оқыту әрекеттерінің негізі - баланың қабілетін ашу, дамыта оқыту, сабаққа деген белсенділігін арттыру, өзіне деген сенімділігін күшейту, жан-жақты іздендіру, пәнге қызығушылығын арттыру және функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Аталмыш әрекеттерді жетілдіру мақсатында оқушыларға мазмұны, сипаты және форматы әр түрлі мәтіндермен жұмыс жасаудың тиімді әдістерін қолдануды үйрету керек.

Мен өз тәжірибемде оқу сауаттылығын қалыптастыру мақсатында мәтінмен жұмыс істеудің түрлі әдістерін ұйымдастырамын. Берілген тапсырма оқушылардың

мұқият оқу, есте сақтау, талдау, жинақтау, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, оқиға желісінің өрбуін, ондағы қайшылықтарды ажырату, дұрыс болжау жасай білу сияқты дағдыларын қажет етеді. Солардың бірнешеуін үлгі ретінде көрсетіп отырмын.

Мәтінмен жұмыс:

Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларды орындаңдар.

### **Әліппемен қоштасқан күн**

А) Жансая үшін бүгінгі күн есінде жатталып қалды. Әліппені жақсы оқығаны үшін мектеп директоры мен мұғалім апайының қолы қойылған, мөр басылған мақтау грамотасын алды.

Б) Жансаяның көңіл-күйі өте жақсы. Бақытты балалықтың сәті дүниені түгел құлпыртқандай. Бұның барлығы оқуға үйреткен, білімге талпындырған әліппенің күдіреті болатын.

В) Үйге келген соң Жансая әліппемен қоштасқан сәттерді атасы мен әжесіне өзінше әңгімелейді.

Г) Қуанышың қуанышқа жалғассын, - деді атасы.

- Сауатты болды деген осы, – деп әжесі Жансаяны аймалап, бауырына қыса түсті.

Д) Жансая әліппемен қоштасатын күнге ерекше даярланды. Өлең жаттады. Әліппенің әріптерді үйреткеніне мәз болды. Сөздерді оқи алатынына қуанды. Жүгіртіп оқығанына төбесі көкке жетті.

Е) – Жансая, алған марапатың құтты болсын! Қуаныштысың ба? – деді Айсұлу апай.

- Иә, апай! – деді Жансая қатты қуанып.

Өзінің өте мәз болғанын апайы қалай біледі,- деп Жансая таңдана қалды.

Ж) Сәбира домбырамен өлең айтты. Бейбіт тақпағын орындады. Жансая үш қызбен би биледі. Бәрі де тап –

таза, әдемі киінген. Көйлектері бүрмелі.

З) Ата-аналар жас бүлдіршіндерге риза боп, әлсін – әлсін қошемет танытты. Қол шапалақтады. «Керемет!» - деп әр ән, би, өлең сайын өз ой – пікірлерін сүйсіне білдірді.

К) Әліппемен қоштасу мерекесіне ата-аналардың бәрі жиналды. Апайы-Айсұлу өз шәкірттерінің қабілеттеріне қуанды.

Тапсырмалар:

1. Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Бұл мереке қай сыныпқа арналған?

А) 5-сыныпқа;

Б) 1-сыныпқа;

В) 11-сыныпқа;

Г) 9-сыныпқа.

2. Мәтінде аталған мерекені көрсет:

А) әліппемен қоштасу; Б) білім күні; В) наурыз мерекесі; Г) туған күн.

3. Мәтінде қандай оқулық туралы айтылған?

А) тарих; Б) әдебиет; В) әліппе; Г) қазақ тілі.

4. Жансая мұғалімінің аты:

А) Айсұлу апай; Б) Жансая апай; В) Сәбира апай; Г) Мұғалім апай.

5. Сәбира қыз ойнаған аспапты белгіле:

А) гитара; Б) сыбызғы; В) сырнай;

Г) домбыра.

6. Жансая немен марапатталды?

А) алғыс хат; Б) мақтау грамотасы; В) сыйлық; Г) гүл.

2. Сөйлемдердің дұрыс, бұрысын анықтаңыздар.

		дұрыс	бұрыс
--	--	-------	-------



1.	Жансая кітапта берілген сөздерді тез оқи алды.		
2.	Сынып оқушылары бұл мерекеге даярланған жоқ.		
3.	Отбасы мүшелері Жансаяны құттықтады.		
4.	Айсұлу мұғалім өз оқушыларының қабілеттеріне қуанды.		
5.	Жансая марапатталған жоқ.		

3. Кестені мәтін мазмұны бойынша толықтырыңдар.

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Д								Б

Сабақ барысында осындай жүйелі жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы білім беру сапасы мен нәтижесі артады деп ойлаймын.

Жауап кілті:

1. Тест жауаптары: 1) Б; 2) А; 3) В; 4) А; 5) Г;  
6) Б.

3. Кесте жауаптары: Д, К, Ж, З, А, Е, В, Г, Б.

**Қ.ОЗЫҚБАЙ,**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Отырар ауданы

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ –ҰСТАЗ КЕЛБЕТІНІҢ ЖАҢҒЫРУ АЙНАСЫ**

XXI ғасыр-ғылым мен техниканың заманауи нышандарын жаңа мазмұнда игерін, адамзат болмысының үнемі ізденіс үстінде үздіксіз білім алып, жетілу қажеттілігін көрсетіп отыр. Міне, осы мақсатта мамыр айының 22-жұлдызы мен маусым айының 9-жұлдызы аралығында ауданымыздың «қазақ тілі» мен «қазақ әдебиеті» пән мамандары өз біліктіліктерін заманауи оқу мен оқыту үдерісінде дамыта білім алды.

Пән мұғалімдері жаңартылған бағдарлама аясында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Оңтүстік Қазақстан облысы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы –Қансейтова Жұмагүл Жұмабекқызынан дәріс алды. Аға оқытушымыздың тұлғасы – тыңдаушылардың өнеге айнасына айналғандай. Ізет пен шыдамдылық, сабырлылық пен өнегелік, имандылық пен мейірім тұнған келбеті: «Міне, жаңашыл ұстаз келбеті осындай болуы керек!»- дегендей. Жаңаша оқыту бағдарламасының жаңа сатысына көшу деңгейінде білім алушылардың әрбіріне Жұмагүл Жұмабекқызының берген жаңа мазмұнды әдіс-тәсілдері мен дәрістері әр пән мұғалімінің ертеңгі күнге деген үміті болғандай.

Жаңа технологияның бүгінгі күн талабындағы сұранысы неден туындап отырғандығын пән мұғалімеріне түсіндіруден бастап, еліміздің болашағы-шәкірт болмысын тұлға етіп қалыптастыруға, оқыту мен оқудың жаңа стандартты үдерістерін жаңа бағыттағы бағдарламада дамыта оқыту мақсатында туындап отырған қажеттіліктер негізін: жан-жақты іс-тәжірибе өнімінде және теорияның нақтылы берілуі бағытында берілген тапсырманы шәкірттерге жүйелі жоспар құра жүргізу міндетін айқындауда екендігін атап өтті.

Ұстаздар үш апталық білім жетілдіру барысында 12 жылдық білім баспалдағына көшу сатысында жаңартылған бағдарлама әдіс-тәсілдерін, сондай-ақ: ұзақ мерзімді жоспар, орта мерзімді жоспар мен қысқа мерзімді жоспарды оқу бағдарламасының мақсатына сай оқу мен оқыту стратегияларына сай ықшамдап, оқушылардың белсенділігі мен оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым және тілдік дағдыларын дамытуда, кері байланыс жасау барысында оқушының өз білім деңгейінің иерархиясының тұлғалық қалыптасуына бағыт-бағдар мен жаңаша құрылымда өсу сатысында оқыту қажеттілігін нақтылады.

Оқу бағдарламасының мазмұнының мақсаты-қолданыстағы дәстүрлі білім беру жүйесін әлемдік деңгей сатысына көтеру болып отыр. Назарбаев Зияткерлік мектептері халықаралық озық тәжірибені оқыту және оқу үдерісіне енгізу мақсатында білім бағдарламасын өзгертті. Бағдарлама Мемлекеттік тіл-қазақ тілінің оқытылуымен қатар орыс, ағылшын тілдерінде жекелеген пәндік оқытылулардың үштілділік білім негізінде қолданысқа енгізілетіндігі де атап өтілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Жолдауында: ««Мәңгілік Ел»-бұл барлық қазақстандықтарды біріктіретін жалпыұлттық құндылықтар және еліміздің болашағының іргетасын құрайды»-деп атап көрсеткендей, «Мәңгілік Ел»-жалпыұлттық идеясының маңыздылығы, сол Елбасымыз атап өткен «Бір мақсат, бір мүдде, бір келешек» тұтастығында екендігін осы жаңартылған бағдарлама аясында түсіне алдық.

Біздің еліміз бүгінгі таңда зайырлы, әлем алдында кең қанат жая: экономикалы, индустриялы, білім мен техниканың өркендеуінде инновацияларға бет алған жас мемлекет екендігін көрсетті. Мұның дәлелі, маусым айының 10-жұлдызы мен қыркүйек айының 10-жұлдызы аралығында еліміздің бас қаласы-Астанада өтілген ЭКСПО халықаралық көрмесінің ТМД және Орта Азия мемлекеттері арасында тұңғыш біздің Қазақстанға аяқ тіреуінде. Осы үш ай көптің көкейіне қазақстандық әрбір болашақтың көптілді саясатты қолдауға қадам басатындығын айқындап көрсетті десек болады. Өйткені, өркениет өрісі биіктерден қол бұлғап шақыруда. Ол үшін- біздің бүгінгі жастарымыз, ертеңгі ел тіректері бірнеше тілді меңгере, ғылым мен техникада даму көшіне ілесе, топ жару қажет. Ал, мұның өзі, біздің еліміздің ендігі сәтте әлем алдында үнемі үздік технологиялар мен үздік экономикалық табыстар нәтижесінде көрінуді талап етеді. Осы орайда, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеяларының құндылықтарын білім беру мазмұны арқылы жүзеге асыруда оқу пәнінің оқытылу мақсаттары мен оқу жоспарлары әлемдік білім беру стандарттарына

сәйкес жаңартылған бағдарламада жоспарланып, қазақстандық пән мұғалімдеріне оқытылуда. Соның ішінде, Ұлылар мекенінен Отырарлық ұстаздар да көш қатарында өзіндік білім беру техникаларын теория мен тәжірибеде ұштастыра жетілдіруде.

Жаңартылған бағдарламаның негізгі идеяларының бірі «Мәңгілік Ел» аясы - ұлтжанды, мәдени-танымды қалыптасқан әрбір азамат, мемлекетіміздің ертеңгі жарқын болашағы болып табылып қоймай, бүгінгі заманауи оқыту технологиясы арқылы кешегі зиялы қазақ ұлысының тарихи құндылықтарын меңгере, ертеңгі болашағының зияткерлікке бастау алар тұлға көшбасшысы ретінде бағытқа ала ұстанар рухани азығы болуы тиіс дүниетанымы екендігін де білгеніміз абзал.

Иә, осы жаңартылған бағдарлама барысында - ХХІ ғасыр-үштілділік саясаттың қажеттілігімен қатар, «қазақстандықпын» деген әрбір азаматтың патриоттық рухта тәрбиеленуіне және білім беру мазмұнында ортақ идеологиялық құндылықтарды бойларына сіңіруіне Мемлекеттік тіліміз-Қазақ тілінің рөлі зор екендігін біле алдық. Ұлы дала тілі –Қыпшақ тілі Ұлы Жібек жолымен еуропа мен азиялық мәдениетке өз кезеңінде қандай рөл ала алғандығын бір сәтке елестетер болсақ, оның ішінде медицина атасы-Ибн Сина, екінші ғұлама-Әбу Насыр әл Фараби мен Мысыр билеушісі атанған мәмлүк Бейбарыс пен тағы да басқа тұлғаларды жеке дара дәлел ретінде атап өтіп, ертеңгі ұрпақтың ұлттық тілі-Ана тіліміздің болашағы да көптілділіктің кіндігіне айналарына сеніміміз мол.

Ә.ИМАНҚАЛИЕВА,  
№22 жалпы орта білім  
беретін мектеп-лицейі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Семей қаласы

## **ЗӘКИ АХМЕТОВТЫҢ “АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ” АТТЫ ЕҢБЕГІН САБАҚТА ПАЙДАЛАНУ**

«Әдебиетші болу тек талантты адамның ғана үлесіне тиеді. Талант-табиғат сыйы. Шын әдебиетші сирек ұшырасса, ол адам әдебиетшілігінің үстіне нағыз ғалым болса ше? Мұның жөні мүлде басқа!

Нағыз ғалым деп отырғаным, ұлттық парасат әлеміндегі айбынды тұлға, ірі де, іргелі қайраткер, халқының мерейі мен мақтанышы болған асыл азамат, әдебиетші ғалым – Зәки Ахметов», -деп жазды Зейнолла Қабдолов.

Академик Зәки Ахметовтың қырық-елу жыл ішінде жазып, жариялаған жүзден астам ғылыми-зерттеу, әдеби-сын еңбектері, монографиялары, оқулықтары, мақалалары – қазіргі әдебиеттануға қосылған келелі үлес, қымбат қазына.

З.Ахметовтың үш кітабы, атап айтқанда “Лермонтов пен Абай” (1954 ж.), “Қазақ өлеңінің құрылысы” (1964 ж.), “Қазақ поэзиясының тілі туралы” (1970 ж.). орыс тілінде жарық көрген болатын. Үш монографияның

үшеуі де өлең-жырдың өзекті мәселелері туралы жазылған. Ал өлең мәселелерін зерттеу - әдебиетші ғалымнан тек білім ғана емес, ақынға тән болмыс пен бітім талап ететіндігі аян.

Зейнолла Қабдолов “Арна” атты кітабында былай деп жазады: “Зәки – қарымды да қажырлы ғалым. Өзінің зерттеу объектісін бетінен қарпымай, тамыр – тереңімен қопара тексереді, аса білгірлікпен, үлкен мәдениетпен, білімдіге тән әдеп-ибамен сөйледі, жазды. Толғаныстыра мен талдаулары жан - жақты терең, кең”.

3.Ахметов туған әдебиетіміздің тарихы туралы“” туысқан халықтар арасындағы әдеби байланыстар жөнінде, текстология мәселелеріне қатысты көлемді еңбектер жазды. Қазақ мектептері үшін орыс әдебиетінен оқулықтар жасады.

Ал, қазақ мектептері үшін жазған «Абайдың ақындық әлемі» атты еңбегінің орны ерекше.

«Абай қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар, ол қазақ халқының ел болуына ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – әлемдік ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға», - деп Президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, Абайды ауызға алғанда, қазақ халқының өткен тарихы мен бүгінгі кезеңі көз алдымызға келеді. Абайдай ірі де күрделі тұлғаның жалпы дүниетанымын түсіну, оның баға жетпес қыруар әдеби мұрасын жетік білу ұрпақтан-ұрпаққа ұласар үлкен еңбек.

Мен 10-сыныпта «Абай поэзиясы» тақырыбын

өткенде Абайдың табиғат лирикасына ерекше көңіл бөлемін. Табиғат лирикасындағы ақынның ой-сезімін, жан-дүниесін терең ашуға тырысамын. Абай өз шығармаларында қысты, күзді, көктем мен жазды соны бояулармен бейнелейді. Туып-өскен жердің табиғатын асқан шеберлікпен суреттейді және пейзажды қазақ халқының көшпелі тұрмысымен, табиғи ортасымен, әлеуметтік өмірімен тығыз байланыстыра көрсетеді.

Зәки Ахметов Абайдың табиғат лирикасы туралы айта келе: «Табиғат лирикасының ішінде өзгелерден тақырыбы жағынан оқшаулау тұрған өлең – саятшылық өнерді өте көркем, келісті бейнелейтін «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деп жазады.

Оқушылар осы өлеңнің мазмұны бойынша жоспар құрады:

1. Қансонарда аңға шыққан бүркітші.

Қансонар сөзінің мағынасы түсіндіріледі: Қансонар – жер бетіне ең алғаш қар түскен шақ, бұл кезде аңның ізі айқын көрінеді. Қансонар – аң аулауға ең қолайлы мерзім. «Атаң өлсе сойылар, атам өлсе қойылар, маған мұндай қансонар, күнде қайдан табылар» деп аңкөс жігіт те тегін айтпаған-ау.

Тағы да ғалымның «Абайдың ақындық әлемі» атты кітабына сүйенеміз:» ... бетпе-бет айқасқа құралған драмалық оқиға. Өлеңде сол оқиға бірден басталып, саятқа шығатын қансонар дейтін, жаңа қар жауғаннан кейін аңның басқан ізі айқын көрінетін кезді күтіп жүрген бүркітші баптаған құсын алып, атына мініп,



тауға қарай беттегені байқалады».

2. Бүркіт пен түлкінің бір-бірін көруі.

Қыран құстың томағасын сыпырып алып, ұшырып қоя береді. «Төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар деп», бүркіт түлкіні аңдиды. Ал түлкі болса, «аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап» тұра қалды.

3. Жер тағысы мен көк тағысының адам үшін қызыл қанға батуы. Өмір үшін күрес.

3.Ахметов: ... «бүркіттің екпіндете, зуылдап келіп түлкінің үстіне түсіп, екеуі жарық-жұрқ етіп шайқасқаны бейнеленеді, бірақ ақын бұл айқасты екеуі адам үшін қызыл қанға батысты деген сөздермен ғана қысқа қайырып, не болғанын көбінесе салыстырма көрініс-тұспалы сурет арқылы аңдатады» деп жазады.

4. Түлкі алған бүркіттің қар үстіндегі суреті.

Мұндағы мақсат – теориялық ұғымды меңгерту, яғни шендестіру – антитезаға назар аударту.

Шендестіру – бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі әр бөлек нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы, бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейіпін анықтау, аңғарту, елестету.

*Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,*

*Ұстайды қаса сұлу шомылғанға.*

*О да бұлк-бұлк етпей ме сипағанда?*

*Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,*

*Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда, -деп Абай*

атамыз жырласа, Зәки аға оны былай деп түсіндірді: «Сөйтіп, Абай қыран құстың түлкімен айқасын, аңшылықты кімді болсын баурап алатындай әсем суретке айналдырған. Біз бұл айқасты драмалы оқиға дегеніміз сондықтан. Ақын қыран құстың бетінен қайтпайтын батылдығын, түлкінің өзінен басым жауынан қаймықпайтын қайсарлығын, айлалығын сүйсіне сипаттаған».

З.Ахметовтың еңбектері мектеп бағдарламасы бойынша өтілетін тақырыптарды терең бойлау үшін аса қажет. «Өлең сөздің теориясы» студент-филологтар, мұғалімдер үшін ең керекті оқу құралына айналып кетті.

Зәки Ахметов өмірінің соңғы кезеңдерінде «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы мен дәстүрлері», «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы атты ірі екі монография жазды. Бұлардың бірі – Қазақстандағы әдеби үрдістің ең бір өзекті мәселелерін талдайтын құнды еңбек болса, екіншісі – М.Әуезовтің бас кітабындағы көркем жүйе, сюжет пен композиция, тип пен характер жайын талдап – тексеретін терең зерттеу.

Біз, мектеп мұғалімдері, ғалым атамыздың жоғарыда аталған еңбектерін қазақ әдебиеті сабақтарында жиі пайдаланамыз. Өлең сөздің теориясын талдағанда, Абай өлеңдерін оқытқанда, Зәкеңнің еңбектері – таптырмайтын қазына.

*Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

**Ж.СЕНГЕРБЕКОВА,**  
**Жаңашаруа қазақ орта мектебі,**  
Атырау облысы,  
Қызылқоға ауданы,  
Қоныстану ауылы

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. «ТОЛҚЫН»** (7-сынып)

Жалпы мақсат:	М.Жұмабаевтың лирик ақын екеніне көз жеткізіп, «Толқын» өлеңінің тақырыбы мен идеясын, құрылысы мен тәрбиелік мәнін талдай білу.
Сабақтың міндеттері:	1. Ақынның өмір жолы мен шығармаларынан хабар бере отырып, «Толқын» өлеңінің көркемдік ерекшелігін таныту, білімді дамыта отырып, танымдық қабілетін арттыру. 2. Мәнерлеп оқу дағдысын дамыту, өз пікірін еркін жеткізуге дағыландыру, шәкірттерді өзіндік ізденіс, шығармашылық жұмыстарына баулу. 3. М.Жұмабаев секілді өз тілін, елін, жерін сүйе білуге тәрбиелеу, ақын өмірін үлгі ете отырып, азаматтыққа шақыру, әдебиетті сүйуге тәрбиелеу.
Сілтеме:	1. МАН. 2. 7-сыныпқа арналған әдебиет оқулығы, әдістеме. 3. Ғаламтор сайттарынан ақпараттар.
Күтілетін нәтиже:	Ақынның өмір жолы мен шығармаларынан хабар бере отырып, «Толқын» өлеңінің

	<p>көркемдік ерекшелігін таниды, білімді дамыта отырып, танымдық қабілеттерін арттырады. Мәнерлеп оқу дағдысы дамиды, өз пікірін еркін жеткізуге үйренеді, шәкірттерді өзіндік ізденіс, шығармашылық жұмыстарына баулиды. Өз пікірін сенімді әрі дәлелді, тұжырымды жеткізе білуге дағдыланады. Ізденістерге негізделген жұмыс түрлерін өз бетімен, жаңа технологиялық үрдістерге сай орындай білуге дағдыланады. Оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасайды; басқаларды тындай білуге, кез келген жауапқа сыйластықпен және түсіністікпен қарауға үйренеді; өз ойын топ алдында ашық айта алуға, қорғай білуге жаттығады; керек кезде өз көзқарасын дұрыс өзгерте білуге үйренеді, оның дамуын қамтамасыз етеді; өз бетінше ізденуге ұмтылады.</p>	
Сабақта қолданылатын материалдар:	<p>1. Постер, маркер. 2. Электронды әдебиеттер.</p>	
Оқыту әдістері:	<p>Оқытудағы жаңа әдістер: АКТ, СТО, ОүБ.</p>	<p>1. Диалогтік оқыту. 2. Жеке жұмыс. 3. Топтық жұмыс.</p>
Дереккөздер:	<p>«Мәссаған» сайты.</p>	
Эпиграф	<p>“Мағжан өлеңдері өкіндіреді, мұңайтады, жылатады, аятқызады, есіркетеді, жігер береді” Жүсіпбек Аймауытов.</p>	

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті

	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу.	Шаттық шеңберге тұрғызу. «Тілек шамы» тренингі арқылы балалардың бір-біріне тілек тілеуін сұраймын. Психологиялық ахуалды жақсарту мен бағалау өлшемдерін белгілеу.	Топқа бөлінеді, көңіл-күйлері жақсарады. Өлең жолдары арқылы Арыстанмын, айбатыма кім шыдар? Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар? Көкте - бұлт, жерде - желмін гулеген, Жер еркесі - желдің жөнін кім сұрар? Көкте - Күнмін, көпке нұрым шашамын, Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын, Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк, Ерігемін - толқып, шалқып, тасамын.
Қызығушылықты ояту.	I-топ: М.Жұмабаевтың өмірбаяны, өмір жолы.	

	<p>2-топ:  М.Жұмабаевтың  «Сүйемін» өлеңін  жатқа айту.  «Мен елімді сүйемін»  Тәуелсіздіктің  25 жылдығына 25  сөйлемнен тұратын  шығарма.</p>	<p>Таяқша арқылы  сұралады.  «Сүйемін» өлеңін  жатқа айту.  Бағалау өлшемдері:  1. Өлеңді мәнерлеп,  дұрыс айтуы.  2. Толық жаттауы.  3. Уақытты тиімді  пайдалану.</p>
<p>II. Мағынаны  тану.</p>	<p>1. Теңізге  барғандарың бар ма?  2. Теңіздегі толқынды  көргендерің бар ма?  Толқын дегеніміз-  табиғаттың тылсым  күші.  Толқынның бірнеше  түрі бар.</p>	<p>Ортақ жұмыстарын  жария етеді.  Плакатқа маркермен  жазады.  Көз алдарына  елестетіндер,  бірлесіп жазып  шығындар.</p>
<p>Практикалық  кезең</p>	<p>«Толқын»  4 шумақты, 6  тармақты, 7, 8  буынды, 2 бунақты,  аралас ұйқас  Тол/қын/нан // тол/  қын туа/ды, // а, 7  буынды,  Тол/қын/ды // тол/  қын қуа/ды, // а, 7  буынды  Тол/қын/мен тол/қын  жа/ры/сад.</p>	<p>1-топ: Өлеңнен бір-  біріне қарама-қайшы  сөздерді табындар:  <i>Жылағаны – күлгені;</i>  <i>Күлгені оның -</i>  <i>өлгені;</i>  <i>Сүйеді-өледі.</i>  2-топ: сатылай  кешенді талдау.</p>

	<p>б, 8 буынды Кү/ңі/ре/ні/сіп ке/ңес/пен, в, 8 буынды Біт/пей/тін бір е/гес/пен в, 7 буынды Жа/ры/сып жар/ға ба/ры/сад. б, 8 буынды.</p>	
III. Ой толғанys.	<p>Синквейн әдісі: бес жолды өлең. 1. Зат есім: <i>толқын</i>. 2. Сын есім: <i>әдемі</i>. 3. Етістік: <i>тулайды, шулайды, жарысады</i>. 4. Төрт сөзден құралған сөйлем: <i>Теңіз толқын жан рақаттандырады</i>. 5. Синоним: <i>иірім</i>.</p>	Тапсырманы жеке орындайды.
Үйге тапсырма	«Толқын» өлеңін мәнерлеп оқу, “Мағжандай болу арманым” атты шығарма жазу.	Үй тапсырмасын білу, түртіп алу.
Кері байланыс	<p>«Сұхбат – Ұққаныңыз. Түйгеніңіз. Білгеніңіз. Үйренгеніңіз». Толық ай – сабақты толық түсіндім; Жарты ай - мен жартылай түсіндім; Жаңа ай – менің түсінбегенім басымдау болды.</p>	<p>1. Сабақтан қандай әсер алдыңдар? 2. Қай оқушының шығармашылық жұмысы ұнады? 3. Бүгінгі егеменді елдің ұландары қандай болу керек?</p>
Бағалау	Топтық бағалау, жинақтық баға.	Өз бағасын еркін көрсету.

Ә.ТУРДИНА,  
«Қарасу орта мектебі» КММ.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Жарма ауданы

**ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН.**  
**«ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ»**  
(5-сынып)

Сабаққа негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау. Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.
Сабақ мақсаттары:	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Мәтінді оқып, мазмұнын түсіне алады. <b>Оқушылардың басым бөлігі орындай алады:</b> Шынайы өмірмен байланыстыра алады. <b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Өз ойларын ашық айтып, деректер келтіре алады.
Тілдік мақсат:	Негізгі сөздер: <i>кезіп жүр, мал етті, жарлы, шығыр салды, адал бейнет, табан ет, маңдай терімен, жәрмеңке реуішті, тауар.</i>



	<b>Сыныптағы тілдік бірліктер:</b> Талқылауға арналған тармақтар: <i>Адал еңбек мұратқа жеткізеді.</i> <i>Сіз неліктен ...екенін айта аласыз ба?</i> Қыпшақ Сейітқұл неліктен жұртына жайлы мекен іздейді?	
Алдыңғы оқулар:	«О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңіне берілген сұрақтарға жауап беру.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт:	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы	Шеңбер жасап, «Еңбек» тақырыбына мақал-мәтелдер айту. Еңбек құралдары арқылы топтарға бөлу.	Еңбек құралдарының суреттері.
Ортасы	1-тапсырма. «ДЖИГСО» әдісі бойынша «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін талқылау. 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. 1) Сейітқұл елі үшін қандай ой ойлады? Оған ерген халық қандай кәсіппен айналыса бастады? 2) Сейітқұл бастаған елге басқалар не себепті қосылды?	Оқулық 70-72 бет

	<p>3) Сейітқұлдың ағасы бай болу үшін не істеді? Соңында тағдыры қалай аяқталды? 3-тапсырма. 1-топ. Шығарманы сюжеттік композициясына талдау. 2-топ. «Балық қаңқасы» тәсілімен әңгімені талдап, ой қорытынды жасандар. 4-тапсырма. 1-топ. Әңгімедегі жалқы есімдерді тауып, қосымша материалдарды пайдаланып, түсіндіру. (жалқы есім туралы айта кету).</p>	«Балық қаңқасы»
	<p>2-топ. Әңгімедегі кілт сөздерді тауып, астын сызып, мағыналарын түсіндіру және неліктен ол сөздерді алғандарыңды түсіндіріңдер. С.7. «Ақылдың алты қалпағы» әдісі арқылы өз көзқарастарын білдіреді. Ақ-мәселеге қатысты деректерді талассыз келтіру. Сары- кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айтады.</p>	6 түсті қалпақтар

	<p>Қара-кейіпкерлер өмірінің сәтсіз тұстарын айтады.</p> <p>Көк-талдау жасайды, топтар «не үшін?», «неге?», «неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді.</p> <p>Ж а с ы л - к е й і п к е р л е р өміріне қатысты тың идеялар мен болжамдар айтады.</p> <p>Қызыл-оқиғаны оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды.</p>	
Аяқталуы	<p>«Миға шабуыл» әдісі.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қыпшақ Сейітқұл кім?</li> <li>2. Сейітқұл қандай әрекет жасайды?</li> <li>3. Сыртқы жаулардан қорғану үшін қандай шаралар қолданады?</li> <li>4. Ағасының тағдыры туралы не білдіңдер?</li> <li>5. Әңгімеде қандай өзекті мәселе көтерілген?</li> </ol> <p>Топта бір-бірін бағалау, ұсыныстар айту.</p> <p>Үй тапсырмасы: «Адал еңбек-мұратқа жеткізеді» тақырыбына шағын шығарма жазу.</p>	

**Ж.БИГЕЛДИНОВА,**  
**Әліби Жангелдин**  
**атындағы орта мектеп.**  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар қаласы

## **СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ.** **"ТАНЫСТЫРУ" ПОЭМАСЫ** *(10-сынып)*

Мақсаты: Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығына тоқтала отырып, "Таныстыру" поэмасының тақырыбы мен идеясын ашу.

Міндеттері: білімділік-"Таныстыру" поэмасының негізгі ой-түйінін аша отырып, тақырыбы мен идеясы туралы ұғым беру; дамытушылық-поэмадағы кейіпкерлерге мінездеме бере отырып, поэманың құрылысына, шындық болмысына талдай білуге дағдыландыру; тәрбиелік-оқушыларды өз халқының тарихын білуге, елі үшін қызмет еткен ерлердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Сабақтың типі: білік пен дағдыны қалыптастыру.

Әдісі: түсіндірмелі, сұрақ-жауап, баяндау, ізденіс, талдау. Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, С.Торайғыров шығармалары.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру бөлімі:

- а) Сынып оқушыларын түгелдеу.
- ә) Оқу құралдарын тексеру.
- б) Сыныптың санитарлық тазалығын қадағалау.

Үй тапсырмасын сұрау:

- а) С.Торайғыров өмірі, білім алуы.
- ә) Ақынның шығармашылығы.

б) "Алаш ұраны" өлеңі.

в) Өлеңнің көркемдік ерекшеліктері.

- С.Торайғыров шығармаларының ішінде поэмалар ерекше орын алады. Оның қандай поэмаларын білесіңдер?

- Олай болса, біз бүгін "Таныстыру" поэмасымен танысамыз.

Жаңа сабақ. - Поэманың негізгі мазмұны, тақырыбы мен идеясы жайында. Әр топ өз сұрақтарына жауап береді.

Дамыту: 1-тапсырма.

I. Алғашқы "Таныстыру" поэмасы қашан жазылды?

II. Ақын "Ақпан төңкерісінен кейін сара, даңғыл жолға бастайтын азаматтар кімдер?" - дейді.

III. Поэманың ерекшелігі қандай?

2-тапсырма.

I топ. Ә.Бөкейханов туралы үзіндіні оқи отырып, оның бейнесін ашу.

II топ. Нәзипа Құлжанова мен Нұрғали Құлжановтың бейнесі.

III топ. Ш.Құдайбердіұлының бейнесі.

Бекіту: 1. Алаш қозғалысының негізгі мақсаты қандай?

2. Олардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы маңызы бар ма?

3. Поэмада Абай бейнесі қалай суреттеледі?

Үйге тапсырма:

а) С.Торайғыров. "Таныстыру" поэмасы.

ә) "Алаш - азаттықтың бастауы" (ой-толғау)

Қорыту: *Қараңғы қазақ көгіне*

*Өрмелеп шығып күн болам!*

*Қараңғылықтың кегіне*

*Күн болмағанда кім болам?! С.Торайғыров.*

Бағалау: "Екі жұлдыз, бір тілек".

**Б.ҚИНАЯТОВА,**  
**Мәдениет орта мектебі.**  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Айыртау ауданы

**МҰХТАР ӘУЕЗОВ.**  
**«КӨКСЕРЕК»**

*(7-сынып)*

Сабаққа негізделген оқу мақсаты(мақсаттары)	Т.А.1. Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау. Ж.4. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: - Мәтін мазмұнымен жұмыс істейді. - Сұрақтар құрастырады. Оқушылардың басым бөлігі: - Көксерекке тура және жанама мінездеме береді. - Кеспе карточкалары арқылы түсіп қалған сөздерді орнына қояды. Кейбір оқушылар: - Ит пен қасқырдың мінезін салыстырып, «Венн диаграммасына» толтырады. - Авторға хат жазады.

Тілдік мақсат	<p>Оқушылар:</p> <p>Мәтін мазмұнымен жұмыс жасайды, оқиғаның дамуы мен аяқталуына болжам жасайды, дұрыс шешім қабылдайды, зерттеу жүргізеді, эссе жазады.</p> <p>Негізгі сөздер мен тіркестер:</p> <p><i>ұлды, шабуылдайды, жортуылдайды, жыртықши, қомағай, итаяқ, жондану, шап, қорқау, боз қараған, сойыл.</i></p>	
Алдыңғы оқу	<p>Ұлы суреткер М.Әуезовтің өмірі мен шығармаларын біледі.</p> <p>Жетістік өлшемдері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтінмен жұмыс жасап үйрену.</li> <li>2. Кейіпкерге тура, жанама мінездеме беру.</li> <li>3. Кейіпкерлерді өзара салыстыру.</li> <li>4. Әңгімеге «Кубизм» әдісі бойынша жан-жақты талдау жасату.</li> <li>5. Сұрақтарға жауап беру, мәтін құрастыру.</li> <li>6. Авторға хат жазу.</li> </ol>	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы 5 минут	Тренинг: «Жыланша». «Пазл» әдісі бойынша топқа бөлу.	Адамдар мен аңдардың қиынды қағаздары.

<p>Ортасы 35 минут</p>	<p>1. Ой шақыру: «Қызыл кітапқа енген аң құстарды ата».</p> <p>«ББҮ» әдісін (алдыңғы білімді, бүгінгі біліммен ұштастыру)</p> <table border="1" data-bbox="582 629 863 703"> <tr> <td>Білемін</td> <td>Білгім келеді</td> <td>Үйрендім</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Мәтіннің үзіндісін тыңдату. «Болжау» стратегиясы.</p> <table border="1" data-bbox="582 779 1015 891"> <tr> <td>Шын мәнінде не болды деп ойлайсыз?</td> <td>Қандай дәлеліңіз бар?</td> <td>Шынында не болды?</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Сараланған тапсырма.</p> <p>1-тапсырма: Мәтіннің мазмұны бойынша деңгейлік тапсырмалар орындау. (жұптық жұмыс)</p> <p>Төменгі деңгей: Мәтінді оқи отырып, «Адасқан сөздер» әдісі бойынша түсіп қалған сөздерді тауып орнына қою. (карточкамен жұмыс)</p> <p>Орта деңгей: Көксерекке тура және жанама мінездеуді «Екі жақты күнделікке» салып көрсету.</p> <table border="1" data-bbox="582 1301 1015 1339"> <tr> <td>Тура мінезі</td> <td>Жанама мінезі</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Жоғарғы деңгей: Ит пен қасқырдың мінезі. «Венн диаграммасын» толтыру.</p> <table border="1" data-bbox="582 1420 1015 1458"> <tr> <td>Аққасқа</td> <td>Көксерек</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Қ/б. «Хайку» әдісі (өзара бағалау)</p> <p>2-тапсырма: (топтық жұмыс)</p> <p>«Қубизм» әдісі бойынша, әңгіме мазмұны бойынша жан-жақты сипаттама береді.</p>	Білемін	Білгім келеді	Үйрендім				Шын мәнінде не болды деп ойлайсыз?	Қандай дәлеліңіз бар?	Шынында не болды?				Тура мінезі	Жанама мінезі			Аққасқа	Көксерек			<p>«ББҮ»</p>
Білемін	Білгім келеді	Үйрендім																				
Шын мәнінде не болды деп ойлайсыз?	Қандай дәлеліңіз бар?	Шынында не болды?																				
Тура мінезі	Жанама мінезі																					
Аққасқа	Көксерек																					



3 минут	<p>1. Суретте (түсі, пішіні, өлшемі) Көксеректі суреттеп жаз.</p> <p>2. Салыстыр (неге ұқсас, неге ұқсамайды) Көксерек пен Аққасқаны салыстыр.</p> <p>3. Байланыстыр (бұл туралы ойлағаныңды көзге елестет) Көркем шығарма мен фильм арасындағы айырмашылықты ата.</p> <p>4. Талда (Неден жасалған, неден тұрады, не үшін) Көксеректің қандай қасиеттерін байқадың?</p> <p>5. Қолдан (Бұнымен не жасауға болады?) Авторға хат жаз.</p> <p>6. Дәлелде (Иә, жоқ деп дәлел келтіру, бұл жақсы ма әлде жаман ба, неге?)</p> <p>Ауыл адамдарының Көксеректі тұтқын етуі дұрыс па?</p> <p>3-тапсырма:</p> <p>Ойлау деңгейі: қолдану, жинақтау, бағалау.</p> <p>Тапсырма:</p> <p>1. «Сұрақтар шеңбері» әдісі арқылы сұрақтар құрастыру.</p> <p>2. «Дөңгелек үстел» әдісі арқылы шағын мәтін құрастыру.</p> <p>3. Эссе «Авторға хат». Әр оқушы алған әсерлері бойынша авторға хат жазады.</p> <p>Бағалау өлшемдері:</p> <p>1. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады.</p> <p>2. Шағын мәтін құрайды.</p> <p>3. Авторға хат жазады.</p> <p>Дескрипторлар:</p> <p>1. Мәтін бойынша сұрақтар құрайды.</p> <p>2. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>3. Өзіндік ойын дәлелдейді.</p>	<p>Портрет, Суреттер</p> <p>Слайд материал- дары</p> <p>Оқулық.</p> <p>Үлес- тір- ме</p> <p>парақ- ша- лары</p> <p>«Көксе- рек» фильмі.</p> <p>Плакат, маркер.</p> <p>«Дөнге- лек үстел»</p> <p>«Авторға хат» әдісі</p>
------------	--	---

	<p>4. Шағын мәтінді сауатты құрастырады.</p> <p>5. Хат жазады.</p> <p>6. Өз көзқарасын білдіреді.</p> <p>Сыныптастарды бағалау.\бірін-бірі бағалау\</p>	
<p>Аяқталуы 2 минут</p>	<p>Рефлексия.</p> <p>«ПОПС» формуласы (әр оқушының сөйлеу, жазу, ойлау дағдыларын қалыптастыру).</p> <p>Бірінші сөйлем: <i>«Менің ойымша, шығармадағы басты идея-...»</i></p> <p>Екінші сөйлем: <i>«Себебі, мен оны былай түсіндіремін-...»</i></p> <p>Үшінші сөйлем: <i>«Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын -...»</i></p> <p>Соңғы сөйлем: <i>«Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім -...»</i></p>	<p>«ПОПС» формуласының үлгісі</p>
Қосымша ақпарат		
<p>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? Жалпы сыныпқа</p>	<p>Бағалау. – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Сыныптастарды бағалау.\бірін- бірі бағалау\ Кері байланыс: Әңгіме саған қаншалықты әсер етті. (ауызша)</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері  АКТ-мен байланыс</p>

<p>«Кубизм» әдісі. Қажетті сұрақтармен қамтамасыз ету. АКТ құралы арқылы бейнефильм көрсету. Төмен деңгейлі оқушылар; Сөздері түсіп қалған мәтінді ұсыну. Орта деңгейлі оқушылар; «Венн» диаграммасының макетін беру. Жоғарғы деңгей; Авторға хат жазу үшін хаттың үлгісін ұсыну.</p>	<p>«Хайку» әдісі (өзара бағалау) Кері байланыс: «ПОПС»</p>	<p>Биология; әңгімедегі кездесетін өсімдіктер туралы біледі. География; картадан қасқырлар мекендеген жерді көрсетеді. Өзін-өзі тану пәні арқылы мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу. Бейнелеу өнері; сурет салуға деген құштарлық оянады.</p>
<p>Рефлексия. Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>		

Қорытынды бағамдау
Қандай екі нәрсе табысты болды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)
1.
2.
Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)
1.
2.
Сабақ барысында мен келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетін білдім.

Қызықты грамматика

**Әзіл аралас сұрақтар**

Төмендегі сұрақтарға тиісті тұрақты сөз тіркестерімен жауап беріңдер:

1. Қар жана ма?
2. Адамның төбесі аспанға жете ме?
3. Сөйлегенде сөз ауыздан түсіп қала ма?
4. Адамның қолы, аяғы түрлі-түсті болып келе ме?
5. Аузыңды бақ, көзіңе қара дейміз, ал мұрныңды бақ, құлағыңа қара деп айта ма? Адам өз көзіне өзі қалай қарай алады?
6. Екі аяқ бір етікке сия ма?
7. Жұмыстың аяғы бола ма?
8. Бір қазанға сыймайтын қандай бастар?
9. Мәселенің қабырғасы бола ма?
10. Адамның қай жеріне нан піседі?
11. Көз сатыла ма? Ол не деген сөз?

Ә.ҚҰМАШБАЕВА,  
«№5 орта мектеп» КММ.  
Алматы облысы,  
Текелі қаласы

## НҰРДӘУЛЕТ АҚЫШ. «НАҒЫЗ ӘЖЕ ҚАЙДА?»

Сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	5.Т/ЖЗ Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.
Сабақ мақсаттары	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> 1. Шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетін табады. 2. Кейіпкерлер образын мұғалімнің көмегімен ашады. <b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> 1. Шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетін суреттейді. 2. Кейіпкерлер образын өз бетімен ашады. <b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> 1. Кейіпкерлердің образын ашуда олардың іс-әрекетіне өзіндік баға береді. Ойын дәлелдейді. 2. Басқа шығармадағы ұқсас образдармен салыстыра алады.
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Портрет (франц. Portrait – бейнеленген) – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой тұлғасын суреттеу. Яғни, сурет теліп отырған тұлғаның сыртқы пішінін сөзбен суреттеп беруді портрет дейміз. 1. Ұршық – жүннен жіп иіруге арналған жеңіл аспап, жіп иіретін құрал. 2. Мәсі – былғарыдан, шегіреннен тігілетін

	аяқ киімнің бір түрі, мәсінің сыртынан кебіс не ластық (галаш) киіледі. 3. Кимешек – қазақ әйелдерінің дәстүрлі ұлттық бас киімі. Кимешек ақ матадан немесе ақ жібектен молдау пішіліп, адамның басын, иығын, кеудесі мен жауырынын жауып тұрады.		
Алдыңғы оқу:	«Ақын қонақтар» (Зере образы), «Бала Шоқан» (Айғаным образы), «Ақ кимешек көрінсе» өлеңі, т.б.		
Жоспар			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері		
	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ре-сурс тар
Ұйымдастыру Психологиялық ахуалды реттеу (2 минут)	«Қос шеңбердегі комплименттер» әдісі арқылы жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.	Музыка ойнап тұрады. Оқушылар екі шеңберге бөлініп, бір-біріне қарап тұрады. Ішкі және сыртқы шеңберде бір-біріне қарап тұрған оқушылар кезектесіп бір-бірін мақтауы керек. Содан кейін ішкі шеңбердегілер оң жаққа бір қадам жасап, алдына алмасып тұрған басқа оқушыға өз мақтауын айтады.	«Кө-ңіл тол-қы-ны» күйі

<p>Сабақтың басы. «Ой шақыру». 3 минут</p>	<p>Оқушылардың үйден алып келген өз әжелерінің, журналдардағы әжелердің фотосуреттерін жинап, «Әжелер галереясын» ұйымдастыру. - Суреттердегі әжелердің іс-әрекеттерінен нені байқауға болады? - Олардың отбасындағы, қоғамдағы рөлі қандай?</p>	<p>Қалыптас-тырушы бағалау: мақтау, мадақтау (ауызша) Жарайсың! Жақсы! Бәрекелді! Өте керемет! Тамаша!</p>	<p>Оқушылардың үйден әкелген әжелерінің суреттері, газет, журналдардан алынған әжелер суреттері.</p>
<p>Сабақ ортасы. 10 минут</p>	<p>«Геометриялық фигуралар» әдісі арқылы топқа бөлу. Тапсырма: Әңгіме мәтінінен негізгі кейіпкерлердің образына қатысты мысалдарды жинап, кейіпкерлер образын төмендегі сызбаға түсіріңдер. 1-топ: Аяның образы. 2-топ: Райханның образы. 3-топ: Қонаққа келген әженің образы. 4-топ: Азаттың образы. (Райхан мен Аяның әкелері)</p>	<p>Сынып оқушыларын «Нүкте», «Түзу», «Үш бұрыш», «Төрт бұрыш», «Бес бұрыш», «Алты бұрыш» фигураларын атай отырып, топқа бөлу.</p>	<p>«Жүзім шоғы» кластері</p>

		«Идеялар галереясы» әдісі арқылы әр топ өз жұмыстарын қорғайды. Әр топ өз бағаларын стикерге жазып, «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы береді.					
15 минут	<p>Оқушыларды үлгерім деңгейлеріне қарай саралау. Жеке жұмыс.</p> <p>Өлшемдер: Шығармадағы кейіпкердің іс-әрекетін талдай отырып, образын ашады.</p>	<p>Оқушы үлгеріміне байланысты түрлі-түсті карточкалар беру (А-сары, Б-қызыл, С-жасыл)</p> <p>А тобы «Екі жақты күнделік» әдісі</p> <table border="1" data-bbox="746 1104 951 1361"> <tr> <td>Кейіпкерлердің (Ая мен Райханның) қонаққа барғанға дейінгі көңіл күйлері</td> <td>Кейіпкерлердің қонақтан қайтқан кездегі көңіл күйлерінің өзгеру себептерін жаз.</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Кейіпкерлердің қонаққа барғанға дейінгі көңіл күйін табады. 1 ұпай.</li> <li>Көңіл күйлерінің өзгеру себептерін жазады. 1 ұпай</li> </ol>	Кейіпкерлердің (Ая мен Райханның) қонаққа барғанға дейінгі көңіл күйлері	Кейіпкерлердің қонақтан қайтқан кездегі көңіл күйлерінің өзгеру себептерін жаз.			<p>Түрлі-түсті карточкалар.</p> <p>Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. 1997.</p>
Кейіпкерлердің (Ая мен Райханның) қонаққа барғанға дейінгі көңіл күйлері	Кейіпкерлердің қонақтан қайтқан кездегі көңіл күйлерінің өзгеру себептерін жаз.						



Б тобы. «Сәйкестендіру» әдісі.  
Берілген тұрақты сөз тіркестерді пайдаланып, әже портретіне сәйкестендіру арқылы әже образын жаса.

- \* Жүзінен нұры төгілген
- \* Екі көзі мейрімге толы
- \* Жылы шырайлы
- \* Қыздың жиған жүгіндей
- \* Он саусағынан өнер тамған
- \* Екі иығына екі кісі мінгендей
- \* Тарам-тарам әжімді
- \* Тасы өрге домалап
- \* Самай шашы бурылданған
- \* Дөңгелек жүзді

Дескриптор:

1. Берілген тұрақты сөз тіркестерінің ішінен әже образын ашатын сөздерді теріп алады. 1 ұпай
2. Теріп алған тұрақты сөз тіркестерін әже бейнесімен сәйкестендіреді. 1 ұпай.

С. «Салыстыру аймағы» әдісі бойынша балалардың қиялындағы әже мен қонақта көрген әженің образын ашыңдар. Өз әжелерің мен басқа шығармалардағы әжелер образын салыстырыңдар.

Салыстыру аймағы	Сырт келбеті, киім кино мәнері	Мінезі	Іс-әрекеті
Балалардың қиялындағы нағыз әже қандай?			
Қонақта көрген әже қандай?			
Менің әжемнің бейнесі қандай?			
Басқа шығармалардағы әжелер бейнесі қандай?			

	<p>Сергіту сәті.</p> <p>«Тұжырымдамалық кесте арқылы әңгімедегі әже</p>	<p>Дескриптор:</p> <p>1. Балалардың қиялындағы әже образын жазады. 1 ұпай</p> <p>2. Балалар қиялындағы әжені қонаққа келген әже бейнесімен салыстырады. 1 ұпай</p> <p>3. Өз әжесімен және басқа шығармалардағы (әңгіме, өлең, проза, ертегі, т.б.) әжелер бейнесін еске түсіріп салыстырады. 1 ұпай</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: Топ ішінде оқушылар сағат тілімен бір-бірінің жұмыстарын дескрипторлар арқылы бағалайды.</p> <p>Интербелсенді тақтадан «Асыл әже» әніне түсірілген бейнебаянды көрсету.</p>	<p>АКТ, бейнебаян</p>
--	---	--	-----------------------

<p>Сабақтың соңы. 5 минут</p>	<p>бейнесі туралы қорытынды пікірімізді білдіріп, сыни хабарлама жазайық.</p> <p>Рефлексия. 2 минут</p> <p>Кері байланыс. 3 минут</p> <p>Үйге тапсырма. 1 минут</p>	<p>«Шығу парағы»</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бүгін не үйрендіңіз?</li> <li>2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?</li> <li>3. Бүгінгі үйренгеніңіз сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба?</li> <li>4. Осы тақырып бойынша тағы да не білгіңіз келеді?</li> </ol> <p>Өз әжесіне немесе шығармадағы әжеге хат жазу.</p>	
-----------------------------------	---	--	--

**Ө.САДЫҚОВА,**  
**Талдыбұлақ ЖОББ мектебі.**  
Қарағанды облысы,  
Жаңаарқа ауданы

## **С.МҰРАТБЕКОВ. «ЖУСАН ИІСІ»**

Мақсаты: жазушының өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, шығарманың идеясына көз жеткізу, мазмұнын ашу.

Міндеттері: оқушыларға әңгіме мазмұнын игерту;

Логикалық сұрақтар беру арқылы әңгіме идеясын анықтату;

Оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға негізделген проблемалық сұрақтар мен шығармашылық тапсырмалар беру арқылы олардың өзіне деген сенімділігін, қоғамдық жағдайларға деген көзқарастарын дамыту.

Нәтижесі: «Жусан иісі» әңгімесін оқып білгеннен кейін, қазіргі кездегі жетім балаларға жанашырлық танытып, жетімдіктің салдарын түсінеді. Ата-ана қадірін бағалап үйренеді. Логикалық ойлау қабілеттері даму арқылы шығармашыл ойлай білетін, жан-жақты тұлға қалыптасады.

Сабақта қолданылатын әдістер: Постер қорғау, «Қарлы кесек» әдісі, Венн диаграммасы.

Көрнекіліктері: жазушы портреті, слайд, бейнебаян,

тақырыптық суреттер, бағалау парағы.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Амандасу, түгелдеу; сынып ішінде жағымды атмосфера орнату.

Оқушыларды 3 топқа бөліп, топтық жұмысқа даярлау (түстерді таңдау арқылы)

II. Үй тапсырмасын сұрау. Қадыр Мырза Әлиннің «Кәрі қыран» өлеңінен үзінді жаттау, ойтолғау жазу, қыран туралы мәліметтер жинау.

III. Жаңа сабақ. Сабақты бастамас бұрын оқушылардың алдарына конверт беріледі. Ішінде жусан шөп бар. Оқушылар жусанның иісін иіскеп өз пікірлерін айтады. Жазушы туралы білетіндерін сұраймын. Слайд арқылы толықтырамын. Қысқаша бейнебаян көрсетемін.

IV. Мәтінмен жұмыс.

I топ: «Алыста қалған балалық шағым...», «Осылайша біздің оқуымыз да келер жылға дейін тоқтаған еді» дегенге дейін.

II топ: «Бірде Аян өрістен бұзау айдап келе жатып...», «Аян бұл күні өте-мөте көңілді еді» дегенге дейін.

III топ «- Әй мен сендерге бір қызық айтайын ба,- деді» аяғына дейін. Осы мазмұндары бойынша постер қорғау.(қағазға өз ойларын түсіру)

V. Әңгіме желісі бойынша сұрақтар қою «Қарлы кесек» әдісі

1. С.Мұратбековтың шығармасы қалай аталады?  
(«Жусан иісі»)

2. Басты кейіпкер кім? (Аян)

3. Шығармада қай кездегі оқиға бейнеленген?  
(Соғыс)

4. Аян басынан қандай қиыншылықтар өтті? (әжесі қайтыс болды, аяғын тайдырды, майданнан қара қағаз келді)

5. Аян олармен қалай күресті? (ертегі шығару арқылы)

6. Аянға қол ұшын берген кімдер? (Бапай шал мен кемпірі, Асылбек қарт, ауыл балалары)

7. Әңгіме немен аяқталады? (Аянды қаладағы балалар үйіне жіберді)

VI. «Ойлан, тап!» Композициялық құрлымы (орындарын ауыстырып қоямын, оқушылар әрқайсысының орнын табады.)

2. Байланысуы. Аян мінезінің жайлылығы арқасында ауыл балаларымен тез тіл табысады.

4. Шиеленісуі. Аяның тобығын тайдырып алуы. Бапайдың Аянға немқұрайлы қарауы.

6. Шешімі. Аяның ауылдағы достарымен қимай қоштасып, қаладағы балалар үйіне жіберілуі.

5. Шарықтау шегі. Майдандағы әкесінен қара қағаздың келуі.

3. Дамуы. Аяның әжесі қайтыс болып, оны Бапай

атты туысы қасына алады.

1. Басталуы. Соғыс кезінде әжесі мен Аянның ауылға көшіп келуі

VII. Бекіту сұрағы.

- Жазушы шығарманы неге «Жусан иісі» деп атады? «Жетім көрсен жебей жүр» тақырыбына эссе жазу.

VIII. Қорытындылау.

Венн диаграммасы

*Соғыс кезіндегі жетімдік*

Балалар соғыс кесірінен ата-аналарынан, тіреушілерінен айырылып жетім қалған, жоқшылық көріп, өмірдің ащы кездерін бастан өткізген.

*Қазіргі кездегі жетімдік*

Қол-аяқтары сау әке, аналардың жауапкершілігі жоқтығының кесірінен балалар тірі жетім қалуда.

Ұқсастығы: Бейкүнә балалар тағдыр тауқыметін жастай көруде.

Мұғалім сөзі: - Аян өмірдің ащысын бала кезінен ерте татқан, олай болса ендігі оның келешектегі өмірі жарқын болсын дейік.

Рефлексия. Не білдім? Не білгім келеді?

IX. Бағалау. Топтың басшысы бағалау парағына тобындағы оқушыларды бағалайды.

X. Үйге тапсырма:

Аян ертегісін «Баяғыда бір жетім бала болыпты...» деген тақырыпта жалғастыру.

**З.ОРАЛОВА,**  
**Қ.Пірімов атындағы**  
**№103 орта мектеп.**  
Қызылорда облысы,  
Қазалы ауданы

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ.**  
**«БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫ**  
(2-сабақ)

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Т.ЖЗ. Көркем шығармадағы образдарды ашу, сипаттау. А.И2. Әдеби шығарманы композициялық амал-тәсілдеріне талдау.
	Барлық оқушы орындай алады: 1. Мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жауап бере алады. 2. Кейіпкерлерге мінездеме бере алады.
Сабақтың мақсаты	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: 1. Шығарманы құрылымына талдай біледі. 2. Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеті мен мінезіне дәлелдер келтіріп, талдау жасай алады.
	Кейбір оқушылар орындай алады: 1. Кейіпкер әрекетіне сыни баға бере алады. 2. Өз көзқарасы тұрғысынан оқиға желісін дамытып жаза алады.
Бағалау өлшемі	1. Шығарма үзінділерімен жұмыс жасай алады. Шығарманы композициялық құрылымына талдай біледі. 2. Шығарма кейіпкерлеріне талдай жасай біледі.



Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>кебе, бұғау, сәске, әбзел, көбе, кейіпкер, юмор, трагедиялық образ, қаһармандық образ, фантастикалық образ.</i>	
	Диалог құруға/ шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Ерлік –елге мұра, ұрпаққа – ұран Бірін айт, бәрін айт та басқа батыр, Баяндай «Алашым» деп еңіреп пе еді? Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Баян – ар-намыстың құрбаны. 2. Ноян – махаббаттың құрбаны. Бұл кейіпкерлерді ақтаймыз ба, даттаймыз ба?	
Құндылықтарға баулу	Кейіпкер іс-әрекеті мен мінезі арқылы адалдық, отансүйгіштік, ерлік, батырлық қасиеттерге баулу. Оқушының өзіндік көзқарасын, рухани дүниесін, танымдық қабілетін дамыту.	
Пәнаралық байланыс	Тарих, география, бейнелеу	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Шығарма мазмұнын біледі, тақырыбы мен идеясын түсінеді. Тарихи тұлға екендігін біледі.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

Сабақтың басы	<p>Психологиялық жағымды ахуал туғызу.</p> <p>«Өзіңе тілегенді өзгелерге тіле» (психологиялық тренинг) – оқушылар жұптасып, бір-біріне жылы лебіз айтады</p> <p>Топқа бөлу.</p> <p>Санамақ арқылы бөлініп, әр топқа кейіпкер бейнесін айқындайтын поэма үзінділерін таңдау арқылы және үзіндінің қай кейіпкер жайлы екендігін тауып, сол бойынша топқа бөліну.</p> <p>(Абылай хан, Баян, Ноян, Қалмақ қызы)</p> <p>II. Үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>1. «Сықырлы қоржын» әдісі (қоржындағы асықтарға жасырылған сұрақтар арқылы)</p> <p>«Батыр Баян» поэмасын бөлімдері бойынша сұрақтар қою арқылы мазмұндау.</p> <p>1. «Батыр Баян» поэмасы қай жылы жазылған?</p> <p>2. Поэmanın тақырыбы қандай мәселені көтерген?</p> <p>3. Автордың айтпақ басты идеясы қандай?</p> <p>4. Шығарма қандай оқиғадан басталады?</p> <p>5. Поэмадағы Абылай хан жөнінде не білесің?</p>	<p>Қима қағаздар</p> <p>Қоржындағы асықтар</p>
---------------	--	--

	<p>6. Қай кезеңдегі оқиға суреттеледі?</p> <p>7. Абылай хан не себепті жоңғарларға қарсы шабуылды кешіктірді, кімді күтті?</p> <p>8. «Баянның батырлығы Алашқа аян» жолдарынан батырдың қандай қасиетін танимыз?</p> <p>9. Баянның өз інісі Ноянды өлтіруіне не себеп болды?</p> <p>10. Інісі мен қалмақ қызын өлтірген сәттегі батырдың ішкі жан дүниесіндегі сезім арпалысы қалай суреттелген?</p> <p>Миға шабуыл.</p>	«Батыр Баян» фильмінен үзінді АКТ
	«Батыр Баян» фильмінен үзінді көрсету.	
Сабақтың ортасы	<p>III. Топтық жұмыс «Сатылай-кешенді талдау» әдісі.</p> <p>Оқиғаның байланысын, дамуын, шиеленісін көрсете отырып, поэманың композициялық құрылымын жасайық.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісімен бағалау.</p> <p>Жеке тапсырма «Түсініктеме күнделігі» әдісі.</p> <p>Баян мен Ноян туралы көзқарастарымызды төмендегі үлгі бойынша білдірейік.</p>	

1.		
Баян – ар- намыстың құрбаны	Менің көзқарасым	Менің тұжырымым
2.		
Ноян – ар- намыстың құрбаны	Менің көзқарасым	Менің тұжырымым
<p>Дескрипторлар:</p> <p>1. Кейіпкерге мінездеме бере алады – 2 ұпай.</p> <p>2. Өз көзқарасын мысалдармен дәлелдей біледі - 3 ұпай.</p> <p>3. Қорытынды тұжырым жасай алады – 4 ұпай.</p> <p>Оқылым</p> <p>Әдеби-теориялық түсінік.</p> <p>«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы терминдерді оқып, жұпта талқылау.</p> <p>(Кейіпкер, юмор, сатира, фантастикалық образ, қаһармандық образ, трагедиялық образ )</p> <p>(Айтылым)</p> <p>Топтық жұмыс. «Ашық микрофон» әдісі, «Егер де мен...»</p>		

	<p>Кейіпкерлердің іс-әрекетіне қатысты өз пікірімізді білдірейік.</p> <p>Баянның, Ноянның, Абылай ханның, қалмақ қызының орнында болсам, не істер едім? Бұл кейіпкерлерді ақтаймыз ба, даттаймыз ба?</p> <p>«Медаль және миссия».</p>	
Сабақтың соңы	<p>Үйге тапсырма:</p> <p>«Әдеби үйірме» әдісі.</p> <p>Топтық тапсырма.</p> <p>«Сөз шеберлері» поэмадағы Абылай хан мен Батыр Баян, Ноян, Қалмақ қызының бейнелерін көрсететін шумақтарды мәнерлеп жатқа оқиды.</p> <p>«Жазушылар» оқиға желісін дамытып, поэма оқиғасын өз көзқарасымен аяқтайды.</p> <p>«Актерлер» кейіпкер образына ене отырып, поэма эпизодтары бойынша сахналық көрініс көрсетеді.</p> <p>«Бейнелеуші» өздеріне әсер еткен поэма эпизодының суретін салып, ат қояды.</p> <p>Кері байланыс: «Зерде».</p> <p>«Білім»-тақырып бойынша алған ақпараттарым.</p> <p>«Эмоция» - сабақтағы көңіл-күйім.</p> <p>«Баға» - жетістігіме берген бағам.</p> <p>«Сын» - өз бойымнан нені дамыту керек?</p> <p>«Идея» - маған келген жаңа ой.</p>	

Қосымша ақпарат:	Интернет. Фильм жөнінде толық мағлұмат беру. Тарихи кезең, тарихи тұлғалар жөнінде кеңірек ақпарат беру.	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
Шығарманың мазмұнын деңгейлік тапсырма арқылы анықтау. Оқушылардың басым бөлігі шығарманы құрылымына талдай біледі. Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеті мен мінезіне дәлелдер келтіріп, талдау жасай алады. Қабілетті оқушылар шығарманы өз көзқарасы тұрғысынан оқиға желісін дамытып жаза алады.	Әр оқушының ОМ жеткендігін анықтау үшін бағалау критерийлері мен дескрипторлар қолданылады 2. Топтық, жұптық жұмыс арқылы оқушылардың бірлескен әрекеті бақыланады. «Медаль және миссия», «2 жұлдыз, 1 ұсыныс» бойынша оқу жетістіктері айқындалады. 3. Кері байланыс- «Зерде» арқылы жасалады.	Сергіту сәтін өткізу, жас ерекшеліктеріне байланысты тапсырма беру, балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету

<p>Сабақ бойынша рефлексия</p>	<p>Сабақ жоспарланған мақсатына жетеді деп есептеймін. Оқушылар шығарманы құрылымына, кейіпкерлер іс-әрекетіне талдай біледі. Оқушылар поэманы оқи отырып, тарихи тұлға жөнінде танымын кеңейтеді.</p> <p>Оқушылар сабақ бойында өздерін еркін сезінеді. Мәтін оқу, фильм көру арқылы сабақ барысында айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдылары жүзеге асады. Қолайлы ортада жұмыс жасау оқушылардың ынтымақтастығын арттырады.</p>
<p>Жалпы бағалау.</p> <p>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе не? (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Сатылай кешенді талдау» әдісі арқылы шығарманы құрылымына жүйелі талдай білді.</li> <li>2. Топтық тапсырмада «Егер де мен...» әдісі бойынша берілген сұрақтарға оқушылар сыни тұрғыда ойлана отырып, өз көзқарастарын білдіріп, шынайы жауап берді.</li> </ol> <p>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не ықпал етер еді? (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <p>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?</p> <p>Оқушыларға ашық сұрақтар қойып, жауап бере білуге төселдіру; Оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру мақсатында деңгейлеріне қарай шығармашылық тапсырмалар беруге, бағалауға, оқушылардың кері байланысын ескере отырып, келесі сабақта басшылыққа алуға назар аудару керек.</p>	

**Ж.УТЕШКАЛИЕВА,**  
**«Жанабұлақ орта жалпы білім**  
**беретін мектебі» КММ.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Ақжайық ауданы

## **Т.НҰРМАҒАНБЕТОВ.** **«АНАСЫН САҒЫНҒАН БАЛА»**

Сабаққа негізделген оқу мақсаттары	Т/ЖЗ. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу, құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер) мағынасын анықтау (5.А/ІЗ)
Сабақ мақсаттары	<p>Барлық оқушылар көркем шығарманы оқи отырып, кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетін анықтайды, сұрақтар қою арқылы бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын айқындайды</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі кейіпкерлер образын суреттеп сипаттайды.</p> <p>Кейбір оқушылар талдау арқылы шығармадағы теңеу, эпитеттерді тауып, мағынасын анықтайды, кейіпкерлер образын талдайды.</p>
Бағалау өлшемдері	<p>Шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын суреттеп сипаттайды.</p> <p>Шығармадан бейнелеу, суреттеу құралдарын іріктейді.</p>



Құндылықтарға баулу	Отбасы мүшелерінің бірін-бірі құрметтеуі, сүйіспеншілігі.	
Алдыңғы оқу	Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтай біледі	
ЖОСПАР		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыздар)	Ресурстар
Басы  7 минут	<p>Ұйымдастыру: «Портрет» әдісі. Оқушылар парақты төбелеріне қойып, өздерінің портретін салады. Салған портреттерін көршілеріне беріп, порттеріне мінездеме беріп, сипаттайды. Мұғалім сөзі: Оқушылар, бүгінгі сабағымыздың портреттеуге қандай қатысы бар деп ойлайсыздар? Түрлі-түсті кима қағаздар арқылы сыныпты топқа бөлу. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттары айтылады.</p>	Қима қағаздар

Ортасы	1-тапсырма: «Кейіпкерлерге портреттік мінездеме бер»			
15 минут	Көркем шығармадағы кейіпкердің портреті мен әрекеті арқылы образын төмендегі кесте бойынша суреттеп, сипаттаңыз.			
10 минут	кейіпкерлер	Портреті	Іс-әрекеті	Мінездеме
	Сер-жан	Бет-әлпеті өте сүйкімді, тілі тәтті	Ерке-лейді, шаттанады, күрсінеді, мұңаяды	
	Есмағамбет ағай	өте мейрімді, қайырымды	Ер-келтеді	
	Балмағамбет ағай			
	Күміс күл (анасы)			
7 минут	Дескрипторлар: -шығармадағы кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекетін мәтіннен тауып жазады;			

	<p>-кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекеті арқылы мінездеме береді.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Үш шапалақ» әдісімен бағалау.</p> <p>2-тапсырма:</p> <p>«Көркем шығарманың тілі» шығармадан көркемдеуіш құралдарды табу.</p> <table border="1" data-bbox="544 772 991 967"> <tr> <td data-bbox="544 772 667 887">теңеу</td> <td data-bbox="667 772 796 887">эпитет</td> <td data-bbox="796 772 991 887">Ауыспалы мағынадағы сөздер</td> </tr> <tr> <td data-bbox="544 887 667 927"></td> <td data-bbox="667 887 796 927"></td> <td data-bbox="796 887 991 927">Тілі тәтті</td> </tr> <tr> <td data-bbox="544 927 667 967"></td> <td data-bbox="667 927 796 967"></td> <td data-bbox="796 927 991 967"></td> </tr> </table> <p>Дескрипторлар:</p> <p>шығармадан тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарына мысал келтіреді;</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «От шашу» әдісі арқылы бағалау.</p> <p>3-тапсырма.</p> <p>«Эмоция кестесі». Оқушылар «Эмоция кестесі» әдісі арқылы шығарманың бас кейіпкері Сержанның көңіл-күйін білдіретін іс-әрекеттерін талдап жазады.</p>	теңеу	эпитет	Ауыспалы мағынадағы сөздер			Тілі тәтті				
теңеу	эпитет	Ауыспалы мағынадағы сөздер									
		Тілі тәтті									
Соңы 5 минут	<p>Кері байланыс:</p> <p>«3-2-1» стратегиясы.</p> <p>Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат;</p> <p>Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті;</p> <p>Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.</p>	Сызба қағаз									

**Р.ГИЗЗАТОВА,**  
**Е.Ниетқалиев атындағы**  
**ЖББОМ.**

Батыс Қазақстан облысы,  
Жәнібек ауданы,  
Қамысты ауылы

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН** **ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Мақсаты	Қазақ елі үшін өзінің бар күш-қуатын, қайрат-жігерін халқына қызмет етуге сарп еткен Ы.Алтынсарин шығармашылығын таныту. Келешек ұрпақ үшін қалдырған рухани мол мұрасының маңызын ұғындыру, үлгі ету.
Жалпы мақсат	Тақырыптың маңызын терең түсіне отырып, өз сөздерімен пайымдауға дағдыландыру. Пәнге деген қызығушылығын арттыру және дамыту.
Күтілетін нәтиже	Тақырыптың мазмұнын талдайды, пікірлерін дәлелдейді, тапсырмаларды орындайды. Қосымша мәлімет алады. Танымдық деңгейлері артады.
7 модульдің қолданылуы	АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Жеке, топтық жұмыс тапсырмалары. Ассоциация. Диалог әдісі. Кері байланыс. Бағалау.

Қолданылатын ресурстар	Флипчарт, маркерлер, тақта, стикерлер, интербелсенді тақта. Ы.Алтынсаринның «Таза бұлақ» шығармасы.		
Ұйымдастыру кезеңі	Шаттық шеңберін жасай отырып, кезекшінің және мұғалімнің тілегі беріледі.	Оқушылардың мұндағы мақсаты-топтасу, санау арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралу.	
Тренинг	Оқушыларды жасырынған сандар арқылы топқа бөлу.		
Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім	Ой қозғау арқылы үй тапсырмасын қайталауға сыныптқа тапсырмалар беру	Үйге берілген тапсырмасы. Диалогқа түсу.	Мұғалім берген тапсырманы орындау.
Қызығушылықтарын ояту		1835 - 1865 1841 - 1889	Барлық өткен тақырыптарды байланыстыру арқылы сұрақтар мен тапсырмалар беріліп,
Әр дұрыс жауапқа білім қапшығы бар сыйлық беріледі.		1845 - 1904 XIX ғ. II жарт.	әр топ өз білгендерін, білетіндерін сыни тұрғыдан ойлау арқылы нақты дәлелдермен жауап береді.

Түсіну	«Жылдар сыр шертеді...» Өткен сабақты байланыстыра отырып, топта талқылау үшін «Мәңгілік Ел» ұлттық аспектісі мен ҚР-сы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын байланыстыру.	Осы әдісте оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады. <table border="1" data-bbox="754 1003 919 1384"> <tr><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td></tr> <tr><td>8</td><td>8</td><td>8</td><td>8</td></tr> <tr><td>4</td><td>5</td><td>5</td><td>5</td></tr> <tr><td>1</td><td>0</td><td>7</td><td>9</td></tr> <tr><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td></tr> <tr><td>8</td><td>8</td><td>8</td><td>8</td></tr> <tr><td>6</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td></tr> <tr><td>0</td><td>4</td><td>9</td><td>1</td></tr> <tr><td>1</td><td>1</td><td>1841-</td><td></td></tr> <tr><td>8</td><td>8</td><td>2016</td><td></td></tr> <tr><td>8</td><td>8</td><td></td><td></td></tr> <tr><td>3</td><td>7</td><td></td><td></td></tr> <tr><td>1879-</td><td>«Мәң-</td><td></td><td></td></tr> <tr><td>1883</td><td>гілік</td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td>Ел»</td><td></td><td></td></tr> </table>	1	1	1	1	8	8	8	8	4	5	5	5	1	0	7	9	1	1	1	1	8	8	8	8	6	6	7	8	0	4	9	1	1	1	1841-		8	8	2016		8	8			3	7			1879-	«Мәң-			1883	гілік				Ел»			Берілген тапсырманы уақытылы орындау, топпен тапсырмаларды талқылау, әр топтан оқушы ортаға шығып өз ойын және пікірін бүгінгі тақырып бойынша жеткізу, талдау және бағалау, тапсырмаларды орындау. Берілген сұрақтар арқылы топтар бір-біріне сұрақ қою арқылы диалогке түседі.
1	1	1	1																																																												
8	8	8	8																																																												
4	5	5	5																																																												
1	0	7	9																																																												
1	1	1	1																																																												
8	8	8	8																																																												
6	6	7	8																																																												
0	4	9	1																																																												
1	1	1841-																																																													
8	8	2016																																																													
8	8																																																														
3	7																																																														
1879-	«Мәң-																																																														
1883	гілік																																																														
	Ел»																																																														
Қолдану	Ассоциация	Ұлт тарихында аты мәңгі өшпейтін тұлғалардың бірі - Ыбырай...	Оқушылардың мақсаты-мұғалімді тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айту.																																																												

			Әдіс бойынша жаңа тақырыпты меңгереді және өз пікірлерін ортаға салады, бір-біріне талдайды, түсіндіреді.
Талдау	Қосымша деректерден мәлімет алу Оқырмандар пікірі Ыбырай туралы деректі фильм. Зерттеушілер пікірі.	Әр топқа жеке, жұптық тапсырмалар беріледі. сол тапсырманың нәтижесін постерде түсіреді.	Жеке ойланады, топ болып біріге жұмыс жасайды, басқа топтармен ой бөліседі.
Жинақтау	Зерттеу әдісі. 1-топ. 166-бет. 2-топ. 167-бет.	Оқып, талдау. «Нені білдік?» Қалай білдік?	Эссе арқылы ойларын жеткізеді.
Бағалау Кері байланыс	Өзін-өзі бағалау (2 мин.)	Бағалау парақшасы мен бағалау шкаласын тарату.  -Сыйлық қапшығын неге өзіңе қалдырдың? -Неге өзгеге бердің?	Өзін-өзі топпен бағалайды. Білім қапшығы бар сыйлық арқылы бірін-бірі бағалау.
Рефлексия	Стикерлерді толтыру	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерді толтыру.
Қорытындылау Үйге тапсырма	Мүмкіндік деңгейі сұрақтары	Сабақ ұнады... несімен? Сабақтан не алдың...? Нені білгің келеді?...	Кері байланыс сұрақтары арқылы

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Г.МЕҢДІҒАЛИЕВА,**  
**Жалпы білім беретін**  
**Көгеріс негізгі мектебі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Сырым ауданы,  
Көгеріс ауылы

## **ҚОНАҚ КҮТУ**

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	5.Ж3. Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру. 5.Ж5. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу.
Сабақтың мақсаттары	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырады. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша жинақы мәтін жазады.
	<b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Сюжетті суреттердің желісі, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша құрылымы дұрыс жинақы әңгімені жаза біледі.
	<b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Сюжетті суреттердің желісі, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша өз бетінше тұжырым жасай алады, жинақы мәтінді тексеріп, түзете алады.



Бағалау өлшемдері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырады.</li> <li>- Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі, қосымша ақпараттарды анықтайды.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша жинақы мәтін жазады.</li> <li>- Мәтінге сай өзіндік ой-пікірлерін тұжырымдайды.</li> <li>- Жинақы мәтінді тексеріп, түзетеді.</li> </ul>
Тілдік мақсат	<p>Оқушылар орындай алады: Мәтіннің жанрлық ерекшеліктері мен сипаттамаларын анықтай алады, жазу кезінде жинақы мәтінді дұрыс құрып, талдау жасауға оқылым бойынша білімін пайдалана алады.</p> <p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>қонақжайлылық, қонақ күту, құт келеді.</i></p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар: Қонақжайлылық дегеніміз не? Қонақ күту туралы не айтасыздар? «Қонақпен бірге құт келеді» дегенді қалай түсінесіздер?</p>
Құндылық-тарға баулу	Құрмет; ашықтық; ынтымақтастық; қазақстандық патриотизм немесе азаматтық жауапкершілік; еңбек және шығармашылық; тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.
Пәнаралық байланыс	тарих, әдебиет, өзін-өзі тану
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер туралы түсінігі бар, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыра біледі, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша жинақы мәтін жаза алады.

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы. 5 мин.	<p>Ширату. Оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне гүл ұсынып, жылы тілектерін білдіреді.</p> <p>С. «Пазл» әдісімен сурет қиындыларын құрастырады.</p> <p>Тағам суреттерін құрастыру арқылы топқа бөлінеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бұл суретте не бейнеленген?</li> <li>- Тағам түрлері.</li> <li>- Дәмді етіп, әдемілеп кімдерге дайындаймыз?</li> <li>- Келген қонақтарға дайындаймыз.</li> <li>- Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Қонақ күту» деп жаңа сабағымның тақырыбын болжатамын.</li> </ul> <p>Оқу мақсаты және бағалау өлшемдері хабарланады.</p>	гүл  сурет қиындылары
Сабақтың ортасы. 30 мин.	<p>Жазылым алдындағы тапсырма.</p> <p>1-тапсырма: «Еркін жазба» әдісімен суреттер бойынша әңгіме құрастырады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- суреттерді ретімен орналастырады;</li> </ul>	

	<p>- әңгімеге ат қояды;  - реттілігі бойынша әңгіме құрастырады.  Жұппен талқылап, түзетеді.  Топпен талқылайды, оқуға ұсынады.  «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бір-бірін бағалайды.  Саралау жұмысы:  Суреттер беріледі.  Суретке сай тірек сөздер беру.  Жазылым кезіндегі тапсырма.  Аудиожазбадан мәтін тыңдалады.  2-тапсырма. Әр топқа мәтін беріледі.  Мәтінді сканерлеп оқып, «INSERT» әдісімен орындайды, кестені толтырады.</p> <table border="1" data-bbox="576 1077 1002 1267"> <thead> <tr> <th>V</th> <th>+</th> <th>-</th> <th>?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>«Бұрыннан білемін»</td> <td>«Жаңа ақпарат»</td> <td>«Менің ойлағаныма қайшы»</td> <td>«Білгім келеді»</td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор:  - мәтін бойынша таныс мәліметтерді жазады;  - жаңа ақпараттар алады;  - өзіндік ой-пікірлерін білдіреді.  «Бағдаршам» арқылы бағалау.  Саралау жұмысы:  «Ойынды жалғастыр» әдісімен кейбір оқушылардың ойын тыңдаймын. Мәтін беріледі.</p>	V	+	-	?	«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Менің ойлағаныма қайшы»	«Білгім келеді»	
V	+	-	?							
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Менің ойлағаныма қайшы»	«Білгім келеді»							

<p>Қонақжайлылық – қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінің бірі. Сонымен қатар адамдар арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрметті, қамқорлықты білдіретін, кісінің адамгершілігін, имандылығын айқындайтын қасиет. Адамдарды тіліне, дініне, ұлтына бөліп-жармай, достық ықылас көрсетіп, ас-дәм беру қонақжайлылықтың негізгі белгісі. Сондықтан халқымыз қонақты қарсы алу, шығарып салуға ерекше мән берген. Қонақты үй иесі қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге енгізіп, соңынан өзі кіріп есікті жабады. Бұл – қонақпен еріп келген «құт» бірге кірсін дегені. Ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығатын болған. Баяғыда бабаларымыз бір ауылға, бір үйге барғанында қонақ күтетін отауға түспей тұрып, сыртқа қару-жарағын қалдырып, үй ішіне қамшысын ұстаған қалпы кіретін болған. Қонақтың үйге қамшысын ұстап кіруінің себебі: қамшы тұрған жерде жын-шайтан болмайды.</p> <p>3-тапсырма.</p> <p>«Ақпараттық сүзгі» әдісімен мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтінді түсініп оқиды;</li> <li>- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратады.</li> </ul> <p>«Геометриялық фигуралар» арқылы бағалау.</p> <p>Саралау жұмысы: Мәтін бойынша негізгі ақпараттарды беру.</p> <p>4-тапсырма. «Т кестесі» арқылы негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу.</p>	
Мәтін	Жинақы мәтін
<p>Қонақжайлылық – қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінің бірі. Сонымен қатар адамдар арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрметті, қамқорлықты білдіретін, кісінің адамгершілігін, имандылығын айқындайтын қасиет.</p>	

	<p>Адамдарды тіліне, дініне, ұлтына бөліп-жармай, достық ықылас көрсетіп, ас-дәм беру қонақжайлылықтың негізгі белгісі. Сондықтан халқымыз қонақты қарсы алу, шығарып салуға ерекше мән берген. Қонақты үй иесі қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге енгізіп, соңынан өзі кіріп есікті жабады. Бұл – қонақпен еріп келген «құт» бірге кірсін дегені Ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығатын болған. Баяғыда бабаларымыз бір ауылға, бір үйге барғанында қонақ күтетін отауға түспей тұрып, сыртқа қару-жарағын қалдырып, үй ішіне қамшысын ұстаған қалпы кіретін болған. Қонақтың үйге қамшысын ұстап кіруінің себебі: қамшы тұрған жерде жын-шайтан болмайды.</p>	
	<p>Жауаптарын топта талқылап, ұтымдысын шығарады.  Дескриптор:  - жинақы мәтін құрастыруда негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктейді;  - мәтіндегі негізгі ақпараттарға сүйеніп, жинақы мәтін жазады.  Бас бармақ арқылы бағалау.  Саралау жұмысы:  Жинақы мәтін үлгісін беру.</p>	

<p>Сабақтың соңы. 10 минут.</p>	<p>Жазылымнан кейінгі тапсырма. 5-тапсырма. «Қонаққа бару» әдісі арқылы әр топ бір-бірінің мәтінін тексереді, түзетеді. Дескриптор: - мәтінді мұқият оқиды; - мәтін құрылымын біледі. «От шашу» арқылы бағалау. Саралау жұмысы: Мәтін жазудың өлшемдерін беру. Оқу мақсаты мен бағалау өлшемдеріне кері ораламын. Кері байланыс. «Ресторан» әдісі арқылы оқушылармен кері байланыс орнату. Мұғалім оқушыларға бүгінгі күнді ресторанда өткіздік деп ойлап, төмендегі сұрақтарға жауап беру керектігін айтады. - <i>Мен тағзы ... тапсырыс берер едім.</i> - <i>Маған бәрінен ұнағаны ...</i> - <i>Менің асқазаным қорытты ...</i> - <i>Келесіде маған қосыңызшы ...</i> Оқушылар өздерінің жазғанын оқып, тақтаға жапсырады.</p>	
-------------------------------------	--	--

**А.ТҰҢҒАТАРОВА,**  
**Есір Айшуақұлы атындағы**  
**орта мектеп.**  
 Маңғыстау облысы,  
 Маңғыстау ауданы,  
 Жыңғылды ауылы

## ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР

Жалпы мақсаты	Еліктеу сөздер туралы түсінік қалыптастыру. Еліктеу сөздердің басқа сөз табынан өзіндік ерекшелігін меңгерту. Еліктеу сөздерді мәтін ішінен ажырата білу.		
Ресурстар	Интербелсенді тақта, постер, смайликтер, маркер, стикерлер, флипчарт.		
Күтілетін нәтиже:	Еліктеу сөздер туралы біледі. Еліктеу сөздердің өзіндік ерекшелігін ажырата алады. Оқушының белсенділігі артып, өз бетімен жұмыс істей алады.		
Пәнаралық байланыс	Әдебиет		
Блум таксономиясы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау
Ұйымдастыру. Жағымды психологиялық ахуал орнату.	Оқушылармен амандасу. «Мен үшін ең керемет күн» стратегиясы арқылы бүгінгі күнге сәттілік тілеу, ақ, сары, қызыл гүлдер арқылы топқа бөлу, топ ережесімен танысу.	Мұғаліммен сәлемдесу. Ақ, сары, қызыл гүлдер арқылы 1-топ «Мен үшін», 2-топ «ең керемет», 3-топ «күн» деп үш топқа бөлу.	

	<p>Ақ түс – қайырымдылықтың, тазалықтың белгісі.</p> <p>Көк түс- молшылықтың, татулықтың белгісі.</p> <p>Сары түс- көңілдендіреді, бой сергітеді.</p>		
<p>Білу. Үй тапсырмасы.</p> <p>«Миға шабуыл» кезеңі. Есте сақталған немесе білетін ақпарат деңгейін тексеру.</p>	<p>«Блиц сұрақтар» әдісі. Өткен материалдарды еске түсіру.</p>	<p>Шарты:</p> <p>Ұяшықтардағы сандарды таңдау арқылы топ мүшелері сұраққа жауап береді.</p>	<p>Мадақтау сөздер арқылы, смайликтер арқылы бағалау.</p>
<p>Түсіну.</p> <p>Жаңа сабақ.</p> <p>Мақсаты: жаңа тақырыпты мұқият оқиды.</p>	<p>Тақырыпты оқушыларға іштей оқыту, тақырыпты түсіну.</p>	<p>Жаңа тақырыпты түсінеді, өз білетіндерін ортаға салады.</p>	<p>Смайликтер арқылы формативті бағалау.</p>
<p>Қолдану.</p> <p>Мақсаты:</p>	<p>Постер қорғау.</p>	<p>Постер қорғайды.</p>	



алған теориялық білімін тәжірибеде қолдану.	«Мен үшін» тобы табиғат құбылыстарына байланысты еліктеу сөздер, «Ең керемет» тобы отбасына байланысты, «Күн» тобы жануарларға байланысты еліктеу сөздерді жазады. 230-жаттығу.	Оқулықпен жұмыс. 230-жаттығу. Еліктеу сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын айту.	Басбармақпен, смайликтер арқылы бағалау.
Сергіту сәті.	«Бразилия» жаңбыры		
Талдау. Мақсаты: оқушының шығармашылық дағдысын қалыптастыру.	Шығармашылықпен жұмыс.	Сурет бойынша еліктеу сөздерді пайдаланып, эссе жазу.	Өлшемді бағалау.
Жинақтау. Мақсаты: оқушылардың еліктеу сөздерді ажырата алуын қадағалау.	Еліктеу сөздер дегеніміз не болды? Бір мысал келтіру.	Еліктеу сөздерге мысал келтіреді.	Смайликтер арқылы бағалау.

Кері байланыс.	Кері байланысты іске асырады.		
Бағалау.	-Бүгінгі сабақ жеңіл болды ма? - Сабақ қызықты өтті ме? - Жадымызда оңай сақталды ма?	Оқушылар өз еңбектерін бағалай біледі.	Білімін зерделеу, жиынтық баға қою.
Үйге тапсырма	Ереже. 20 еліктеу сөз жазу. 5 сөйлем құрау.		

**Б.ҚҰЛАНБАЕВА,  
«Ж.Құдайбергенов атындағы  
орта мектебі мектепке дейінгі  
шағын орталығымен» КММ.**

Алматы облысы,  
Ұйғыр ауданы

## **СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ**

*(7-сынып)*

Сабақтың мақсаты: білімділік-өткен тақырыптар бойынша жаттығулармен жұмыс жүргізе отырып оқушылардың алған білімдерін пысықтау; дамытушылық-оқушылардың ауызша және жазбаша тілдік стильдерін дамыту, ойлау өрістері мен дүниетанымдық көзқарас шеңберлерін кеңейту. Шығармашылық іскерліктерін арттыру; тәрбиелік-жақсы қасиеттерге, адамгершіліктерге баулу. Жақсы оқып, үлгілі, білімді болуға, достыққа адал болуға шақыру.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, әдебиет.

Сабақтың көрнекілігі: сызбалар, суреттер, кестелер.  
Тақта, бор, кітап.

Сабақтың түрі: Білім жинақтау сабағы.

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер: СТО технологиясы.

Қызығушылығын ояту:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

А) амандасу;

Ә) кезекші диалогы.

2. Зерттей аламын.

I. “Білемін” бөлімінде:

Өткен тақырыптарға шолу сұрақтар мен деңгейлік тапсырмалар болады.

Қайталау сұрақтары:

Қазақ тілінің қай саласын өтіп жатырмыз?

Синтаксис нені зерттейді?

Сөз тіркесі дегеніміз не?

Сөз тіркесінің айрықша белгілерін ата.

Сөз тіркесінің түрлерін ата.

Сөз тіркесі бола алмайтындар.

Олардың бір-бірінен айырмашылығын ата.

Сөз тіркесінің лексикалық-грамматикалық мағынасын ата.

Сөздердің байланысу тәсілдерін ата.

Сөздердің байланысу түрлерін ата.

Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгейге: Синтаксистік қатынастарды тауып, талдау.

II деңгейге: Жанасу, қабысу, меңгеруді тапқызып талдау.

III деңгейге: Матасуды табу.

*Шоң жолшыбай Баянауылға соқты. Потанин биді көк көзі күлімдеп қарсы алды. Амандықтан соң Шоң төңірегіне көз салды. Былтырғыдан гөрі құрылысқа елеулі ештеңе қосыла қоймағандай. Екі үйдің іргесі көтеріліпті. Олардың қатарынан бес-алты адам тағзы жер қазып жатыр. Биіктігі алтыбақандай төрт*

*аяқты тұғырлар үстінде бөренені тақтайға тіліп жатыр. Анадай жердегі қалқан астында сүргіленген тақтайларды жеке қалап қойыпты.*

II. “Зерттей аламын”.

Суретпен жұмыс.

III. “Білгім келеді” бөлімінде:

Тест сұрақтары.

Венн диаграммасы.

**Тест сұрақтары:**

**1. Етістіктің тіркесін тап:**

- A) Жақсының ашуы; C) Жаманның ашуы;  
B) Басы жеткенше; D) Жаманның басы.

**2. Тұрақты сөз тіркесін тап:**

- A) Дархан дала; C) Мұзға отырғызып кету;  
B) Ғұмырнама; D) Кедей-кепшік.

**3. Толықтауыштық қатынасты тап:**

- A) Пайда ойлама – ар ойла; C) Тағы да келді.  
B) Өзің үшін үйрен; D) Түс ауа қозғалды.

**4. Байланыстың қандай түрі? Мен естідім.**

- A) Матасу; C) Қиысу;  
B) Жанасу; D) Меңгеру.

**5. Меңгеруді тап:**

- A) Сынға түсті; C) Аман келді;  
B) Біздің өлке; D) Кең дала.

**6. Байланыс түрлеріне қатысты талдаудың қайсысы дұрыс емес?**

- A) Тоғыз адам – қабысу; C) Оқуға лайық – меңгеру;  
B) Кең бөлме – жанасу; D) Алатаудың Жамбылы - матасу.

**7. Берілген ретіне қарай сөз тіркестерінің байланысу түрін анықта: *Ағаштың бұтағы, хат алу, қалың орман.***

- A) Матасу, қабысу, жанасу;
- B) Меңгеру, қиысу, қабысу;
- C) Қабысу, меңгеру, жанасу;
- D) Матасу, меңгеру, қабысу.

**8. Есімді тіркесті тап:**

- A) Үлкен үй.
- C) Тағы да келді.
- B) Он шақты.
- D) Онға жуық.

**9. Анықтауыштық қатынасты тап:**

- A) Асығып сөйледі;
- C) Бұлардың жағдайлары;
- B) Балуанмен күресті;
- D) Ғалымнан басқа.

**10. Пысықтауыштық қатынасты тап:**

- A) Жаман әдет;
- C) Қатты қағаз;
- B) Жақтырмай қарау;
- D) Жылқыны бағу.

Венн диаграммасын құру.

IV. “Білдім” бөлімінде:

I. Сөз тіркестерін жаз.

II. Жаттығулар:

1. Түрлері.

2. Синтаксистік қатынас түрлері.

3. Сөздердің байланысу түрлері.

I. Сөз тіркестерін жаз.

I қатар

II қатар

III қатар

“Ойлан”

“Тап”

“Ізден”

1. Зат есім+зат есім
1. Есімдік+зат есім
1. Үстеу+етістік
2. Сын есім+зат есім
2. Септеулік шылау + етістік
2. Сын есім + етістік
3. Сан есім+зат есім
3. Зат есім+етістік
3. Сан есім+етістік

II. Жаттығулар. 1. Түрлері.

№	Мысалдар	Сөз тіркесі	Т ұ р а қ т ы тіркестер	Күрделі сөздер
1.	Қара торы.			
2.	Кетіп қалды.			

3.	Үйде қалды.			
4.	Сары ала қой.			
5.	Жұмған аузын ашпау.			
6.	Он сегіз.			
7.	Жетпіс жыл.			
8.	Асығып-үсігіп келді.			
9.	Сіркесі су көтермейді.			
10.	Мөлдір су.			

2. Синтаксистік қатынас түрлері.

№	Сөз тіркесі	Анық- тауыштық қатынас	Толық- тауыштық қатынас	Пысық- тауыштық қатынас
1.	Ажардың анасы.			
2.	Шеберлікке үйрену.			
3.	Ақша бұлт.			
4.	Ертемен тұру.			
5.	Қаладан келді.			
6.	Сексен метр.			
7.	Балаларға айттым.			
8.	Гүрілдеген трактор.			
9.	Орманға жақындау.			
10.	Екеуміздің жолымыз.			

### 3. Сөздердің байланысу түрлері.

№	Мысалдар		Ма- тасу	Мең- геру	Қа- бысу	Жа- насу
1.	Алғашқы ойлар.					
2.	Қашықтық еңбегі.					



3.	Уақыттан озған.					
4.	Сендер сөйлеңдер.					
5.	Былыр тапсырды.					
6.	Әлсін кұлақ түреді.					
7.	Білгенге маржан.					
8.	Екі дос.					
9.	Біздің ауыл.					
10.	Сен таныссың.					

Үйге тапсырма:

“Сүйікті пәнім” тақырыбына мәтін құрау.

Жанаса байланысқан сөз тіркестерінің астын сызу.

**Ж.ОРАЗБАЕВА,**  
**Бірінші қалалық жалпы**  
**білім беретін лицей.**  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Петропавл қаласы

## «МАҚТА ҚЫЗ БЕН МЫСЫҚ» ЕРТЕГІСІ

(1-сынып)

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	1.1.4.1. Мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну. 1.2.4.1. Шағын мәтінді/қарапайым оқиғаларды мазмұндау. 1.3.3.1. Мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ және т.б.) ажырату. 1.3.5.1. Мұғалімнің көмегімен қажетті ақпараттарды суретті шағын мәтіндерден тауып алу. 1.5.1.5. Мұғалімнің көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру.
Сабақтың мақсаты	<b>Барлық оқушылар:</b> Ертегі кейіпкерлерін атай алады, ертегінің басты кейіпкері сүт табу үшін басқа қандай кейіпкерлерге барғанын айта алады. <b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Такырып бойынша белсенді лексиканы еркін қолдана алады, ертегінің сабақта үйренген бөлігі бойынша кейіпкерлердің рөлін ойнай алады. <b>Кейбір оқушылар:</b> Ертегі мазмұнын өз сөздерімен айта алады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы (2-5 минут)	Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастыру «Армысың, алтын күн» сергітуін жасату. Бүгінгі сабақтың мақсаты: «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің негізгі үзінділерінің мазмұнын айту.	Тұсаукесер
Сабақтың ортасы (30 минут)	Ғаламтор бойынша «Мақта қыз бен мысық» ертегісін көру. Бұл не? Тыңдалым. 1-тапсырмадағы берілген суретке және сөйлесу үлгісіне назар аудару. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің кейіпкерлерімен танысады, атайды.	

	<p>Оқушылар ертегі мазмұнын толық түсіну үшін мұғалім ертегінің мазмұнын слайд арқылы толық айтып береді.</p> <p>Оқулықта берілген екі сабақ көлемінде оқушылар осы ертегінің негізгі үзінділерін ғана үйренеді.</p> <p>Айтылым.</p> <p>2-тапсырмада берілген кесте бойынша оқушылар мысықтың сиырға (ағашқа, қыздарға, дүкеншіге, тауыққа, тышқанға) барғанын айтып береді.</p> <p>3-тапсырма бойынша мұғалім оқушыларды жаңа сөздер қатарымен таныстырады. Су, сағыз жапырақ, жұмыртқа, дән берілген сөздерді тыңдайды, қайталайды, сурет бойынша атайды.</p> <p>Оқылым.</p> <p>Есте сақта! Тапсырмасын орындау.</p> <p>4-тапсырмада ертегі бойынша алты сюжетті сурет берілген. Сурет бойынша толық үзіндіні тыңдау, сюжет бойынша мазмұнын түсіндіру. Соңында оқушылар өз қалаулары бойынша рөлдерді бөліп алып, осы үзіндіні ойнайды.</p> <p>«Мақта қыз бен мысық» ертегісінің көрінісі.</p> <p>Бір-бірін бағалау.</p> <p>Жазылым.</p>	<p>Ғаламтор материалдары</p> <p>Оқулық</p> <p>Аудиодиск:</p> <p>6.4.1.; 6.4.2.</p> <p>6.4.3 ; 6.4.4.</p> <p>«Мақта қыз бен мысық» ертегісі</p> <p>№ 2 жұмыс дәптері</p> <p>«Бағдаршам»</p>
--	---	--

	Дәптердегі тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар оқулықпен жұмыс барысында алған білімдерін бекіте түседі. Қосымша тапсырма арқылы оқушылар сабақта алған білімдерін бекітеді. Өз бетінше жұмыс. АКТ-ні қолдана білу дағдыларын қалыптастырады.	Қосымша тапсырма: 6.4
Сабақтың соңы (5 минут)	- Бүгін сабақта біз немен таныстық? - Ертегі деген не? - Ертегі кім/не туралы? - Ертегінің басты кейіпкерлерін атап бер. - Ертегі саған ұнады ма/ұнаған жоқ па? Неліктен? Кері байланыс. «Табыс баспалдығы»	«Табыс баспалдығы»
Қосымша ақпарат		

1. Сабақ барысына өзгертулер енгіздіңіз бе? Неге? 2. Жүргізілген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?	Ертегінің мазмұнын оқушылар ұғып алды. Жұмыс түрлері тиімді болды.
Қорытынды бағалау. Ең жақсы өткен нәрсе не? Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?	Сабақ үстінде мұғалімнің сөзі қысқаша болды, тек қана ертегі сөзінің мағынасын түсіндіргенде, қалған уақытта оқушылар көбінесе өздері өзара сөйлесті. Сабағымда ең жақсы өткен нәрсе оқушылардың рөлге бөлініп ертегінің үзінділерін ойнағаны болып шықты, себебі бұл сабағымның мақсатына жеткенімізді көрсетті. Жұп-жұппен оқушылар үзіндінің мазмұнын өз сөздермен айта алды. Тапсырма орындалған соң, оқушылар «Бағдаршам» әдісі арқылы бір-бірін бағалады. Оқушылар сабаққа белсенді қатысып, сабақ қызықты өтті. Жоспарланған әдіс-тәсілдерім өте тиімді болды.

**А.САЙЛАУХАНОВ,**  
**«Топқайың орта мектебі» КММ.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Катон-қарағай ауданы

## АНТОНИМДЕР

Сабақтың атауы	Антонимдер. Антонимдердің ойды анық, әсерлі жеткізудегі мәні.
Сілтеме	Қазақ тілі оқулығының әдістемесі.
Сабақтың жабдығы	Тақта, суреттер, кеспе қағаздар.
Жалпы мақсаттар	Сабақтың мақсаты: білімділік - антоним сөздерді бір-біріне салыстыра отырып, анықтамасын оқушылардың өздері ойланып шығаруға бағыт беру; дамытушылық – оқушының білім мен танымын кеңейту және тез қабылдауына жол ашу, өз пікірін толық жеткізе білуге баулу, ойлау қабілетін арттыру;
Оқыту нәтижесі	Тәрбиелік – оқушыларды адамгершілік асыл қасиеттерге жетелей отырып, сөз өнерін қадірлей білуге тәрбиелеу. Сабақтың түрі: аралас сабақ. Сабақтың әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, топпен жұмыс, тілдік талдау, топтастыру. Көрнекілігі: оқушылардың таным қабілеттерінің даму деңгейін анықтауға бағытталған тапсырмалар, интерактивті тақтада слайдтар. Пәнаралық байланыс: әдебиет.
Топқа бөлу	Сыныпты: топқа кәмпіттер арқылы бөлу, топ басшыларын сайлап алу, бағалау парағын тарату.

Ынтымақтастық атмосферасы	«Миға шабуыл». Әр топқа арнайы сұрақтар қоя отырып өткен сабақты еске түсіру: 1. Лексика нені зерттейді? 2. Омоним дегеніміз не? Мысал келтір. 3. Синоним дегеніміз не? Мысал келтір 4. Антоним дегеніміз не? Мысал келтір 5. Сіздер күнделікті өмірде омоним және синоним болатын сөздерді қаншалықты жиі қолданасыздар?
Үй тапсырмасын сұрау	
<p>Мағынаны тану. Өзіндік ізденіс – білім негізі.</p> <p>- Балалар, антоним грек тілінде anti –қарсы, opota - атау дегенді білдіреді. Ендеше сіздер мысалдарға сүйене отырып қандай қорытындыға келдіңдер?</p> <p>- Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздерді антонимдер деп атаймыз.</p> <p>Тақтаға жазылған мақал-мәтелдерді оқып, антонимдер мен болымды, болымсыздық мәндегі сөздерді табамыз.</p>	
Антонимдер	Болымды, болымсыздық мағыналар
1. Күштімен алысқан әлсіз өз қолын сындырады. (Сәйф Сарайи).	Піл күшті, Піл күшті емес, тіл күшті.
2. Жаман сөз жылатады, Жақсы сөз жұбатады.	Көп сөйлеген қалайда жақсы емес. (Құтып)
3. Білімді – алтын көзі ашылатын, Надан жан – қара бақыр шашылатын. (Йүгінеки)	Білімді білімсіздің мыңын жеңер. (Йүгінеки)

Антонимдер ойды әсерлі, бейнелі түрде жеткізудің ең оңтайлы құралы. Мәселен, ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан мақал-мәтелдердің, жұмбақтардың құрамында антонимдер жарыса қолданылады.

Оқулықпен жұмыс:

89-жаттығу. Сөздердің омонимдес, синонимдес, антонимдес сыңарларын тауып жазыңдар. Тақтамен жұмыс.

1-топ: *Жас, ер.*

2-топ: *шық, үйір.*

Дидактикалық материалмен жұмыс.

28-жаттығу. Жұп-жұбымен жаз.

Мысалы: *аласа-биік, төмен-жоғары*

32-жаттығу. Көркем жазу, антоним сөздердің астын сызу.

Сәйкестендіру тесті. Тақтамен жұмыс.

#### АНТОНИМ

Сын есім	Етістік	Зат есім
ауыр-жеңіл, кең-тар, ыстық-суық, жас-кәрі, артық-кем, аш-тоқ, арық-семіз, оңай-қиын.	озу-калу, кету-келу, қону-ұшу, шашу-жинау, ашу-жабу, кіру-шығу, күлу-жылау, сату-алу.	өтірік-шын, обал-сауап, алғыс-қарғыс, рахат-бейнет, бақ-сор, өмір-өлім, пайда-зиян, жаз-қыс, күн-түн.

Оқулықтағы жаттығуларды, топтарда орындау.

Сергіту сәті	Орнымыздан тұрайық, Алақанды соғайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Сәл тынығып алайық.	Оқушылар денелерін жаттықтырады.
--------------	--	--



Ой-толғаныс	<p>Ойды жинақтау мақсатында оқушыларға антонимдердің негізгі белгілерін анықтау тапсырылады.</p> <table border="1" data-bbox="805 741 1155 1167"> <tr> <td data-bbox="805 741 1155 786">Антонимдер</td> </tr> <tr> <td data-bbox="805 786 1155 831">ойды бейнелі түрде жеткізеді</td> </tr> <tr> <td data-bbox="805 831 1155 898">болымды-болымсыздық мағыналары бар</td> </tr> <tr> <td data-bbox="805 898 1155 1010">мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздер</td> </tr> <tr> <td data-bbox="805 1010 1155 1122">мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда жарыса қолданылады</td> </tr> <tr> <td data-bbox="805 1122 1155 1167">әр сөз табынан болады</td> </tr> </table>		Антонимдер	ойды бейнелі түрде жеткізеді	болымды-болымсыздық мағыналары бар	мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздер	мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда жарыса қолданылады	әр сөз табынан болады
Антонимдер								
ойды бейнелі түрде жеткізеді								
болымды-болымсыздық мағыналары бар								
мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздер								
мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда жарыса қолданылады								
әр сөз табынан болады								
Үй тапсырмасы	Дидактикалық материал. 21-бет, 40-жаттығу	Күнделіктеріне жазады						
Бағалау	Бағалау парақшаларын тарату	Парақшаларды толтырады						

А.САБЫРЖАНОВА,  
М.Әуезов атындағы  
№5 жалпы орта мектеп.  
Қостанай облысы,  
Арқалық қаласы

## ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

(5-сынып)

Сабақтың тақырыбы:	10-бөлім. Ғылым мен технология жетістіктері. Ару қала-Астана.
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Тірек сөздер мен ұсынылған суреттер арқылы тақырыпты болжау (5 Т.А1.); коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру. (5. Т/А6).
Сабақ мақсаттары	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Тірек сөздер арқылы тақырыпты болжай алады. <b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Ұсынылған суреттер арқылы тақырыпты болжай алады. <b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолдана отырып диалогке даярлықсыз қатыса алады.

Тілдік мақсат	<p><b>Оқушылар орындай алады:</b> Тірек сөздерді қолдана отырып, сөйлем құрай алады.</p> <p><b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> <i>Ару қала-Астана, Пирамида, Хан шатыр.</i></p> <p>Диалог құруға/ шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>Шіркін, кім біледі, жә, сірә, біріншіден, сөз жоқ, олай болса, қазағым, ару Астанам, ой, бағымызға қарай, әсем қалам, гажап!</i></p> <p><b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> Астана қаласы туралы не білесің? Астана қаласында болдың ба? Астананың қандай жерлерінде болғың келеді? Неліктен? Не себепті .... деп ойлайсыз? Не себепті ару қала Астана деп ойлайсыз?</p> <p><b>Ишара:</b> Қол шапалақтау, бас изеу.</p>	
Алдыңғы оқу:	«Қазына аралына саяхат».	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы  5 мин.	«Ширату жаттығуы. «Сөзді бейнеле» Қатысушылар жәшіктен сөзді алып шығады да, 30 секунд бойы топтың	Қағаздан қиылған «Бәйтерек», «Ханшатыр», «Пирамида»

	<p>басқа мүшелері үшін «Бәйтерек», «Ханшатыр», «Пирамида» суретін бейнелейді.</p> <p>Топқа бөлу.</p> <p>Қағаздан қиылған Бәйтерек, Ханшатыр, Пирамида суреттері бойынша 3 топқа бөлінеді.</p>	
<p>Ортасы 30мин.</p>	<p>Уикипедия.</p> <p>Еліміздің бірінші астанасы (Орынбор) екінші Қызылорда (Ақмешіт) (1925-1929), үшінші астанасы Алматы (Верный) (1929-1997), 1997 жылы Ақмола. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола қаласының аты Астана болып өзгертілді. Астана Есіл өзенінің жағалауында орналасқан. Президенттік мәдени орталық, Конгресс хол, Л.Гумилов атындағы Еуразия университеті, Пирамида, Ханшатыр тағы басқа да ғажап құрылыстар бой түзеген. Бәйтеректің биіктігі 105 м. Астанаға әлемнің көптеген елдерінен президенттер, өзге де мәртебелі қонақтар жиі келеді. Сол себепті ЮНЕСКО «Әлем қаласы» деген атақ беріпті.</p> <p>Біздің жеріміз өте бай. Оны бір күнде аралап шығу мүмкін емес.</p> <p>Бейнетаспа. «Астана туралы»</p> <p>Топпен жұмыс.</p> <p>«Бәйтерек», «Пирамида», «Хан Шатыр» тірек сөздер мен суреттер бойынша постер қорғайды.</p>	<p>АКТ</p> <p>Постер, түрлі түсті маркер</p> <p>АКТ</p> <p>Слайд арқылы</p>

	<p>Астананың бойтұмары, 1997, халық көп жиналады, биіктігі 105м, Бейбітшілік пен келісім сарайы, бірнеше қабатты, әсем ғимарат, сауда орталығы, халық көп жиналады, сауда –саттық, 2012ж, ішінде бәрі бар, тамаша жер.</p> <p><b>Жұптық жұмыс.</b></p> <p>1-топ. Мына одағай сөздерді қатыстыра отырып 3 сөйлем құрап жазыңыз.</p> <p><i>Па, шіркін!, жә, Бәрекедi, Неткен гажан!</i></p> <p>2-топ. Мына қаратпа сөздерді қатыстыра отырып 3 сөйлем құрап жазыңыз.</p> <p><i>Уа, туған жер!, Астанам, Отаным, Нұрсұлтан.</i></p> <p>3-топ. Мына қыстырма сөздерді қатыстыра отырып 3 сөйлем құрап жазыңыз.</p> <p><i>Меніңше, қысқасы, қорыта айтқанда, рас.</i></p> <p>Топтық жұмыс.</p> <p>Оқшау сөздерді пайдалана отырып, «Астана» тақырыбына диалог құрау.</p> <p><i>Шіркін, кім біледі, жә, сірә, біріншіден, сөз жоқ, олай болса, қазағым, ару Астанам, ой, бағымызға қарай, әсем қалам, гажан!</i></p>	<p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=phxQkFzFupo">https://www.youtube.com/watch?v=phxQkFzFupo</a></p> <p>АКТ</p> <p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=XsLLCeh4auI">https://www.youtube.com/watch?v=XsLLCeh4auI</a></p>
--	--	--

	<p>Жұптық әңгіме. «Бәйтерек» тобы. Астана қаласы туралы не білесің? «Хан шатыр» тобы. Астана қаласында болдың ба? «Пирамида» тобы. Астананың қандай жерлерінде болғың келеді? Неліктен?</p> <p>Сергіту сәті. Марат Омаров. «Астана» әні.</p>	<p><a href="https://kk.wikipedia.org/wiki/Астана">https://kk.wikipedia.org/wiki/Астана</a></p>
Соңы (10 мин.)	<p>«Лотерея барабаны». Оқушы сөзді суырып алып шығады да, ол туралы не білетінін айтады. <i>Уа, халқым, жә, Астанам, 2001, шіркін, екіншіден, Н.Ә.Назарбаев, көрікті жерлер, 1997, Ақ Орда, ескерткіш, 1997, біріншіден, ЭКСПО, мәссаған, құрау-құрау, бәсе, қысқасы.</i> Рефлексия пирамидасы.</p>	<p>Тірек сөздер АКТ, Пирамида сызбасы</p>
Қосымша ақпарат		
Саралау. Оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?	Бағалау. Оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Бағдаршам Карточкалар тақырыпты	

<p>Барынша қолдау көрсету: Оқушылар тірек сөздер мен суреттер арқылы постерді қолданады. Жеке және топтық жұмыс істей алу қабілеті артады.</p> <p>Орташа қолдау: Тірек сөздер арқылы сөйлем құрайды және диалог құрастырады. АКТ саласындағы дағдыларды қолданады.</p>	<p>түсінгенін көрсету үшін пайдалануға болады (мысалы, қызыл түс =БАРЛЫҒЫ, сары түс=КӨБІ, жасыл түс =КЕЙБІРІ).</p>	<p>Пәнаралық байланыс: жаратылыстану.</p> <p>Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі). АКТ сабақтың әр кезеңінде пайдаланылады.</p>
<p>Рефлексия. Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?</p>		

<p>Бүгін оқушылар не үйренді?          Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?          Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?)</p> <p>Уақытты қалай пайдаландым?          Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	<p>Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p>Қорытынды бағалау.</p> <p>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <p>1.</p> <p>2.</p> <p>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді? (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <p>1.</p> <p>2.</p> <p>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?</p> <p>1.</p> <p>2.</p>	



**С.БЕКІБАЕВА,**  
**«Жас дарын»**  
**мамандандырылған мектебі.**  
 Павлодар қаласы

## МӘНГІЛІК ЕЛ - БҰЛ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ АСТАНА

Сабақтың тақырыбы:	Мәңгілік Ел - бұл Тәуелсіздік және Астана. (Сан есімнің мағыналық түрлерін қайталау).	
Сыныбы: 6 «д»	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Оқыту мақсаты: Осы сабақтың сол мақсатқа қол жеткізуде тигізетін үлесі	Оқылым материалын бағалау. Сан есімнің мағыналық түрлері бойынша берілген тапсырмалар арқылы дәлелдейді.	
Сабақ мақсаты	Білімділік: сабақ беру үдерісіне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу. Дамытушылық: сыни ойлау, жеке, топтық жұмыста өз білімін, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық тұлғалық қасиеттерін дамыту. Тәрбиелік: өз елін, Отанын сүю, құнды қасиеттерді: қазақ тілін құрметтеу, қазақ халқының, әр халықтың, этникалық топтардың әдет-ғұрпын, дәстүрін сыйлауға тәрбиелеу.	
Тілдік міндеттер	Тақырыпқа байланысты сөздер мен терминдерді түсінеді және сөйлеу	

	барысында қолданады. Сыни ойлай отырып берілген ақпарат мазмұны бойынша өз көзқарасын сенімді әрі еркін жеткізеді.	
Алдыңғы білім	Сан есім және құрамына қарай бөлінуі туралы алған білімдерін пысықтайды.	
Жоспар		
Уақытты жоспарлау		Дереккөздер мен көрнекіліктер
ОмЖТ 2 мин.	I. Ұйымдастыру. Оқушыларды түгелдеу, амандасу. Сандар арқылы төрт топқа бөліну.	Интер-белсенді тақта, слайд
5 мин.	Сыныптың психологиялық ахуалын реттеу (бір-біріне жылы лебіздер білдіреді). Үй жұмысын тексеру мақсатында берілген суреттер арқылы сан есімдердің құрамын анықтау, суреттер мен сөз тіркестерін сәйкестендіру. Еліміз егемендігін алғалы сәулет өнері де қарқынды дамуда. Назарларыңызға тәуелсіздік жылдарында салынған республикамыздың танымал архитектура ескерткіштері ұсынылады.	

<p>ОмОЖТ 8 минут</p>	<p>1. Ақ Орда резиденциясы — Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясы. Ресми ашылуы 2004 ж. желтоқсанның 24 күні өтті. Шатырсүмбіні қоса есептегендегі биіктік 80 м. Ғимарат жер бетінде 5 және жер астындағы 2 қабаттан тұрады. Жер бетіндегі 1-қабаттың биіктігі 10 м., қалған қабаттардың биіктігі 5 м.</p>	
<p>АКТ 6 минут + 2 минут</p>	<p>2. Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтерген зәулім «Бәйтеректің» биіктігі 97 м (Астана қаласының елорда статусына ие болған жылға байланысты таңдалған). Құрылыс 2002 жылдың 30 тамыз күні бітті. «Бәйтерек» нысаны үш бөліктен тұрады; жер асты бөлігі ұлттың тамыр жаюы, ал одан кейінгілері өркендеу кезеңдерінің нышандарын білдіреді.</p> <p>3. Үкімет үйі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бас әкімшілік ғимараты болып табылады. Ғимарат құрылысы 2005 жылдың шілде айында аяқталды.</p>	<p>Сан есімдердің мағыналық түрлерін ажырату.</p>

<p>10 минут 5 минут</p>	<p>2005 жылдың қыркүйек айында ҚР Премьер Министрінің Кеңесі Үкімет үйі ғимаратына қоныстанды.</p> <p>4. Орынбор көшесінің бойында орналасқан Министрліктер үйі 2007 жылы салынды. Бұл ұзындығы бір километрге созылған дөңес ғимарат. Министрліктер мемлекеттік басқарманың тиісті саласына басшылықты жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары болып саналады.</p> <p>5. Пирамида іспетті етіп тұрғызылған сарай 2006 жылы 2 қыркүйекте салтанатты түрде ашылды. «Бейбітшілік және Келісім Сарайын» салу ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың идеясы. Пирамида әр түрлі діндердің, этностар мен мәдениеттің бірлік белгісі, халық пен елдің ашықтық белгісі болды.</p> <p>6. «Мәңгілік ел» қақпасы тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында ашылды (2011 ж). Сәулет нысанының биіктігі де сәйкесінше 20 метр.</p> <p>II кезең. «Орынбор көшесі» бейнефильмі. Осы ғимараттар Орынбор көшесінде орналасқандықтан біз сіздермен Орынбор қаласының тарихын тыңдаймыз және осы бейнефильмнен сан есімдерді теріп жазып отырыңыздар.</p>	<p>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма</p> <p>Бейнефильм</p>
-----------------------------	---	---

	Сосын мағынасына қарай топтастырып айтамыз.																			
	<p>III кезең:</p> <p>1-топ: 133-жаттығу.</p> <p>2-топ: 135-жаттығу.</p> <p>3-топ: 137-жаттығу.</p> <p>4-топ: 138-жаттығу.</p> <p>Шығармашылық тапсырма: «Егер мен бизнесмен болсам ...» сабақ тақырыбын негізге ала отырып шағын эссе жазу.</p>	<p>Оқулықпен жұмыс</p> <p>Ойтолғау</p>																		
3 мин.          4 мин.	<p>Рефлексия.</p> <p>Оқушылар сабаққа «Бес саусақ» стратегиясы арқылы рефлексия жасайды.</p> <p>«Бес саусақ»</p> <p>Не сәтті болды?</p> <p>Не сәтсіз болды?</p> <p>Қиындық туғызған мәселе...</p> <p>Менің айтқым келгені...</p> <p>Менің көңіл-күйім... сұрақтары бойынша ой қорытындысын жасайды.</p> <p>Үйге тапсырма: 131-жаттығу.</p> <p>Бағалау.</p> <table border="1" data-bbox="614 1456 997 1635"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Өлшемдері</th> <th>Ұпай</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1.</td> <td>Ақпаратты дұрыс қолдана алды</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td>Тыңдаған бейнефильмнен сан есімдерді теріп жаза алды (15) және мағынасын ажырата біледі.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>3.</td> <td>Мәтіннің мазмұнын толық айта алады.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>4.</td> <td>Жаттығудағы сан есімдерді мағынасына қарай топтастыра алады.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>5.</td> <td>Сан есімдерді тақырыпқа сай қолдана алады.</td> <td>1</td> </tr> </tbody> </table>	№	Өлшемдері	Ұпай	1.	Ақпаратты дұрыс қолдана алды	1	2.	Тыңдаған бейнефильмнен сан есімдерді теріп жаза алды (15) және мағынасын ажырата біледі.	1	3.	Мәтіннің мазмұнын толық айта алады.	1	4.	Жаттығудағы сан есімдерді мағынасына қарай топтастыра алады.	1	5.	Сан есімдерді тақырыпқа сай қолдана алады.	1	<p>Парақшалар</p> <p>Бағалау парақтары</p>
№	Өлшемдері	Ұпай																		
1.	Ақпаратты дұрыс қолдана алды	1																		
2.	Тыңдаған бейнефильмнен сан есімдерді теріп жаза алды (15) және мағынасын ажырата біледі.	1																		
3.	Мәтіннің мазмұнын толық айта алады.	1																		
4.	Жаттығудағы сан есімдерді мағынасына қарай топтастыра алады.	1																		
5.	Сан есімдерді тақырыпқа сай қолдана алады.	1																		

**Ж.ҚУАНЫШЕВА,**  
**Т.Г.Шевченко атындағы**  
**орта мектеп.**  
Ақтөбе облысы,  
Әйтеке би ауданы,

## **ТӨР - ҚҰРМЕТТІ ОРЫН**

Сабақтың мақсаты: жаңа тақырыпты өз беттерінше меңгерту; оқушылардың танымдық деңгейін көтеру, сөздік қорын байыту.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Оқушылардың білімін тексеру.

- Үй тапсырмасы: туыстық атаулар, туыстыққа байланысты өлең-жырлар, туыстыққа байланысты диалог ұйымдастыру (оқушы жауаптары).

III. Жаңа тақырып: -Балалар, бүгін бізде қонақтар отыр. Олар кабинетіміздің қай жерінде отыр? (Қақ төрінде отыр) Өздерің айтып отырғандай, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы-«Төр – құрметті орын» деп аталады.

Мақал мәтелдер: «Жайлаудың көркі-мал, төрдің көркі-шал», «Еңбегің болмаса төрден дәмепе», «Өнерлінің орны өрде, құрметінің орны төрде», «Ел сыйларлық бағаң болмаса, елге аға болдым деме», «Төрде ненің тұрғаны маңызды емес, кімнің отырғаны маңызды». (Оқушылар өз пайымдауларымен ойларын білдіреді)

Мәтінмен жұмыс. Төр қазақтың құрмет мінбесі. Ең сыйлы орын. Төрдегілерге сойылған малдың басы тартылып, бата беріледі. Шәй құйылған шыны алдымен төрден басталады. Жаңадан түскен келін көстендеп төрге шықпайды. Қызын алған үйдің күйеу жігіті де төрде отырмайды. Бұл бұрыннан қалыптасқан қатаң заң әрі әдеп, иба әліппесі.

Төр-қадірменді ауыл ақсақалдарды, алыс-жақыннан келген білікті шежіре-шешен, өнерпаздар, білім-ғылым иелері отыратын жоғары дәрежелі сыйлы орын. Тағы бір айтатынымыз, жас болса да бас боларлық үмітті, болашағы бар дарын иелеріне де төрде отыруға рұқсат етіледі.

Төр – жасы үлкен адамдар, сыйлы қонақтар отыратын қастерлі орын. Қазақ үйге кірген мейманды ”төрлетіңіз”, ”төрге шығыңыз” деп қарсы алады. Көрпе төсеп, жастық қойып, төрге отырғызып қойып құрмет көрсетеді. ”Есіктен кіріп, төр менікі деме”, ”Төрдегі күлсе, есіктегі жымияды” деген мақал-мәтелдер төрдің мән-мағынасын айқын аңғартады. Төр көне түркі тілінен шыққан.

Жеке жұмыс «Төр» сөзіне ассоциация құру.

IV. Бекіту кезеңі:

Тест тапсырмалары.

**1. Білімпаз сөзінің түбірін көрсет:**

- а) біл; б) білім;
- в) білгір; с) білу;

**2. Дара сөз:**

- а) аялдама;      б) қара торы;  
в) ығы-жығы;    с) ашудас;    е) бір мың.

**3. Берілген сөйлемді мағынасына қарай аяқтандар. Аналарды ардақтау, жан-жақты қамқорлық жасау -...**

- а) тілегіміз;      б) көмекшіміз,  
в) парызымыз;    с) қамқорлығымыз.

**4. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойындар: «...тұрып ұл сөйлегеннен без, ... тұрып қыз сөйлегеннен без».**

- а) бауыры;              б) әке, шеше;  
в) үлкен, кіші;        с) аға іні.

**5. Қайсысы сәлемдесудің түріне жатпайды?**

- а) Қайырлы таң!      б) Кеш жарық!  
в) Сәлеметсіз бе!    с) Кездескенше.

**6. Қыздан туған баланы кім деп атаймыз?**

- а) бөле;    б) немере;  
в) жиен;    с) іні.

**7. Қазақ отбасы негізінен қанша ұрпақтан тұрады?**

- а) екі;      б) үш;  
в) бес;      с) жеті.

Жауаптары: 1. б. 2. а. 3. в. 4. б. 5. с. 6. в. 7. с.

(Бірін-бірі тексереді) Сергіту сәті.

V. Қорытындылау.

VI. Рефлексия.

VII. БИС технологиясы бойынша бағалау.

VIII. Үйге тапсырма: «Төр» сөзінің түбі қайдан шықты?



Сыныптан тыс шара

**З.МАТАН,**  
**Новоселовка орта мектебі.**  
Ақмола облысы,  
Шортанды ауданы,  
Новоселовка ауылы

## **ЖҮЗ ЖАСАҒАН БӘЙТЕРЕК**

*(9-11-сыныптар аралығындағы сайыс)*

Мақсаты: айтыскер ақын Жамбылдың өмір жолы, айтыс ақыны ретінде танылуы, Жамбылдың айтыстағы ақындық шеберлігі туралы мағлұмат беру;

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру, топпен жұмыс істеу арқылы өзіндік пікір айту дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері: Жамбыл Жабаевтың өмірі, шығармашылығы, ақындығы туралы жан-жақты біледі, өз беттерімен жұмыс жасауға дағдыланады, Жамбылдың айтыстағы ақындық шеберлігін таниды. Топпен жұмыс жасағанда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері артады.

Негізгі идеялар: Заман талабына сай өз білімін өмірде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау және сезіну қабілеті бар адам дайындау.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, ақын портреті, ақын-жазушылардың пікірі, буклеттер,

ақын өлеңдерінен үзінділер, сурет, кітап көрмесі,  
сөзжұмбақ, «Жамбыл әлемі» фотосуреттер жинағы.

Барысы:

Кіріспе.

Мұғалім сөзі:

*-Жүзге кеп бақыт тапқан ақын Жамбыл,*

*Дүниеге түгел кеткен атың Жамбыл.*

*Тілекке көл аңсаған бүгін жеттің,*

*Далада жасасаң да ғасыр Жамбыл.*

*Халық үшін төрге төсеп төсек етер,*

*Ағарған сақалы мен шашын Жамбыл.*

*Көтерген көкке төбе тірелгенше,*

*Иеді көпшілікке басын Жамбыл.*

Қайырлы күн, құрметті көрермендер!  
Армысындар, ардақты ұстаздар мен оқушылар!  
Заманында «XX ғасырдың Гомері» атанған жыр  
дүлділі, ғасыр ақыны, Жыр алыбы-Жамбыл  
Жабаевтың 171 жылдығына арналған «Жүз жасаған  
бәйтерек» атты сайысымызға қош келдіңіздер!  
Бүгінгі біздің сайысымыздың қатысушылары қара  
өлеңнің алыбы, даланың дархан данасы Жамбыл  
ата туралы ой толғап, сыр шертеді.

Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің  
түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың  
жұртшылықтың махаббатына бөленген Жамбыл  
Жабаев 171 жасқа толып отыр.

Бейне жазба көрсету. Оқушыларға бейнежазбаны  
көрсеткен соң сұрақтар қойылады.

1-оқушы: - Жамбыл Жаббаев қазіргі Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы, Жамбыл тауының етегінде 1846 жылы 28 ақпанда көшпелі кедей отбасында туған. Жастайынан өлеңді қолма-қол жанынан шығарып айтатын болған. Қаршадай баланың өнеріне сүйінген атақты Сүйінбай ақын оған ақ батасын берген.

Екі ғасырдың куәсі, жыршы-жырау, халық ақыны, ірі айтыскер ақын, «Халық поэзиясының алыбы», «ХХғасырдың Гомері», «Жамбыл – менің жай атым, халық-менің шын атым» деген ұлы тұлға.

2-оқушы: -Жамбыл екі заман тұсында өмір сүрді. Екі дәуірдің куәсі болған ақын өз көзімен көрген өмірдің бар шындығын жырлады.

3-оқушы: -Халық поэзиясының алыбы атанған Жамбылдың есімі дүние жүзі халықтарына кеңінен мәлім. Жамбыл медресе-мектептің есігін ашып, қолына қалам ұстап, жазу-сызуды білмесе де жастайынан домбыра тартып, жыр жаттады, қазақ халқының сөз өнерін үйренді, кейін ақындығымен елге әйгілі жыршы атанды. Ол «Көрұғлы», «Мұңлық-Зарлық», «Шаһнама», «Қыз Жібек» сияқты үлкен дастандарды бірнеше апта бойы жырлаған.

*«Әділқазы береді  
Өздеріне билікті  
Өнерде кім жеңеді  
Сол алады сыйлықты»*

демекші сайысымызды әділ бағалайтын әділқазы алқаларын сайлап аламыз.

Сайысымыздың қандай бөлімдерден тұратынын айтып өтейін:

I. Таныстыру.

II. Жырлашы, тілім, аянбай.

III. Постер қорғау.

IV. Нақыл сөздер.

V. Сөзжұмбақ.

VI. Білгенге маржан (сұрақ-жауап)

Енді жеке-жеке осы бөлімдерге көшейік. Келесі кезекті «Таныстыру» бөліміне береміз.

I. «Таныстыру» бөлімінде екі топ бірін-бірі таныстырады.

II. «Жырлашы, тілім, аянбай» деген бөлімде әр топ Жамбыл ақынның өлеңін мәнерлеп оқиды.

III. Постер қорғау бөлімінде екі топ Жамбыл ақын туралы жазады, айтады, талдайды, қорғайды.

I топ. Жамбыл Жабаевтың өмір жолы.

II топ. Ақынның шығармалары.

IV. Нақыл сөздер. «Шын жүректен шыққан сөз». Жамбыл Жабаев туралы айтылған нақыл сөздерге кезек береміз.

Жазушылардың Жамбылға берген бағасы.

*Жамбыл–ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, аса зор құбылыс. Оның бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны.*

*М.Әуезов.*

*Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру-біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.*

*С.Сейфуллин.*

*Жамбыл жырлары Бұғымүйіз, Бесмойнақ жайлауларының гүліндей алуан түрлі. Хош иісі күншілік жерден аңқып тұрады. Ақын жырын тыңдаған сайын көк жайлаудай әсер аласың.*

*І. Жансүгіров.*

*Жамбыл-жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі.*

*С.Мұқанов.*

*Нұрғиса Тілендиевке бата бере тұрып: «Мына, қасиетті қара домбыраның киесі сенде болсын. Осыны көзіңнің қарашығындай сақтап, қазақтың қара домбырасын бар әлемге асқақтата паш ет» дейді.*

*Ол жиырмасыншы ғасырдың Гомері еді. Гомер қайта келмесе, Жамбыл да келмес. Бірақ оның ізі, сөзі тарих бетінде самаладай сайрап жатады.*

*(Ғ.Мұстафин)*

*Ол қазақ халқының өмірін терең толғана жырлаумен, өз заманының ұлы ақыны болып қалады*

*(Р.Тагор).*

*Жәкең қазақ халқынан шыққан жаңа заманның*

*Гомері дейміз. Жәкеңнің шығармалары ғасырдан ғасырға жетеді.* (Ғ.Мүсірепов).

V. Сөзжұмбақ.

Әр топқа үйге берілген тапсырма болатын. Топтар дайындап келген сөзжұмбақтарын бір-біріне беріп шешеді.

VI. Білгенге маржан. (Сұрақ-жауаптар)

I топ.

1. Ақын қандай болу керек деген сұраққа Жамбыл қалай жауап берді?

2. Алғадай майданға аттанған жеті күннен кейін әйелі босанып, дүниеге ұл әкелді. Жамбыл осы немересі туралы қандай өлең шығарды?

3. К.Әзірбаев Жамбылды Алғадайдың өлімінен кейін қалай жұбатты?

4. Жамбыл Н.Тілендиевке өз домбырасын ұсынып тұрып, не айтты?

5. Жамбылдың Бауыржан Момышұлына берген батасы?

6. Жамбыл қырғыз ақыны Токтағұлға қандай өлең шығарды?

7. Жамбыл жыр қалай туады деген сұраққа қалай жауап береді?

8. *«Ел үшін туған ерлердің,*

*Алды-арты дария кең болар».* Бұл кімнің сөзі?

II топ.

1. Жамбылдың әкесінің есімі.

2. Дүниеге келген айы.

3. 1881жылы Жетісуда қай айтыскер ақынды жеңді?

4. Жамбылдың ұстазы кім?

5. Жамбыл жас ұрпақты неге шақырады?

6. Жамбыл 1938 жылы қандай орденмен марапатталды?

7. Жамбыл қанша жасаған?

8. Жамбылдың ұлының аты кім?

Әділ-қазылар алқасына сөз береміз. Жеңімпаз топтар жүлделі орындармен марапатталады.

Жамбыл – өмірімен де, шығармашылығымен де екі ғасырды молынан тұтастырып жатқан ұлы жырау. 13-14 жасынан бастап сөзінің көбін өлеңмен айтқан ақынның ХІХ ғасыр шегінде шығарған өлең-жырлары мен айтыстары да өте мол болған. Олардан дәуір шындығы, Жамбылдың ақындық мұраты мен зор таланты айқын танылады. Ерлікті, елдікті дәріптеген, халықтың жоғын жоқтап, әлсіздерді күштілердің зорлығынан арашалаған, әділдікті, бостандықты жыр еткен көркем де қуатты поэзиясымен Жамбыл сынды тұлғаларымыз өз ғасырында қазақ әдебиетінде көрнекті орын алады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Жамбыл бабамыздың туып-өскен жері Ұзынағашта өткізілген 150 жылдық мерейтойына арнайы қатысып, Жамбыл рухына бас иді.

Жамбыл ақынға арналған «Жүз жасаған бәйтерек» атты сайысымыз осымен аяқталды. Ат

**Б.ХАНСҰЛТАНОВА,**  
**Аққозы жалпы орта білім**  
**беретін мектеп-балабақшасы.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Орал қаласы,  
Қаратөбе ауданы

## **ҚЫЗЫҚТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ**

- Құрметті ұстаздар, оқушылар, сайысқа қатысушы топтар! Бүгінгі «Қызықты қазақ тілі» атты интеллектуалды сайысымызға қош келдіңіздер!

Сайысымыздың мақсаты: оқушының білімі мен біліктілігі арқылы ой-өрісін дамыту, ойлау қабілетін шыңдау, шапшаңдық пен нақтылыққа бейімдеу.

Көрнекілік: интерактивті тақта, слайд, қима қағаздар.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, шет тілі.

Барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

1) Алдын ала тағайындалған топтарды шақыру.

2) Әділқазылар алқасын сайлау.

3) Сайыстың мақсатымен таныстыру.

4) Топтардың аттарымен, ұранымен, таңбасымен танысу.

Сайысқа екі топ қатысады. Топ басшылары топтың атымен таныстырып өтеді.

I топтың аты-«Тұлпар»



II топтың аты- «Сұңқар».

Сайысымыз 5 кезеңнен тұрады:

1-кезең: «Бәйге».

2-кезең: «Полиглот».

3-кезең: «Көрерменнен көрімдік».

4-кезең: «Төрт жұмбақ».

5-кезең: «Жекпе-жек» деп аталады.

Сайысқа қатысушылар дайын болса, сайысымызды бастайық.

1-кезең-«Бәйге». Оқушылар қойылған сұрақтарға тез жауап беруі тиіс.

I топ. «Тұлпар» тобына сұрақтар:

1. Көсемшенің жұрнақтары (-а, -е,-й, -ғалы, -гелі,- қалы,- келі,- ып, -іп, -п)

2. Мекен үстеуінің сұрақтары? (қайда? қайдан?)

3. Сөз мағынасын зерттейтін сала (лексика)

4. «Фразеология» сөзінің баламасын табыңыз. (тұрақты тіркес)

5. Жинақтық сан есімдер саны? (7)

6. Жалғаудың түрлерін ата. (көптік, тәуелдік, септік, жіктік)

7. Қазақ тілінде неше септік бар? (7)

8. «Орфоэпия» нені зерттейді? (сөздердің дұрыс айтылуын)

9. Зат есім құрамына қарай нешеге бөлінеді? (дара, күрделі)

10. Тілімізде қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, амалын, тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін,

мақсатын, т.б. сипаттарын білдіретін сөз табы.  
(үстеу)

11. Есімдіктің қанша мағыналық түрі бар? (7)

12. *Анау, мынау, сол* есімдіктері есімдіктің қай түріне жатады? (сілтеу есімдігі)

13. Тұрлаусыз сөйлем мүшелерін атаңыз (толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш)

14. Іс-қимылдың өздігінен орындалғандығын білдіретін етіс түрі. (ырықсыз етіс)

15. Мезгіл үстеу құрамына қарай нешеге бөлінеді? (3)

16. *Мен, сен, ол, олар, біздер* есімдіктері есімдіктің қай түріне жатады? (жіктеу есімдігі)

17. Дауысты дыбыс тілдің қатысына қарай нешеге бөлінеді? (жуан, жіңішке)

18. Сан есімнің мағыналық түрлері нешеу? (6)

19. Етістіктің сөйлемдегі басты қызметі (баяндауыш)

20. Еліктеуіш сөздердің мағыналық түрлерін атаңыз (еліктеуіш, бейнелеуіш)

20. *Онша, сонша, біраз, қыруар* үстеулері үстеудің қай түріне жатады? (мөлшер үстеулері)

II топ. «Сұңқар» тобына сұрақтар:

1. *Барша, бүкіл, күллі* есімдіктері есімдіктің қай түріне жатады? (жалпылау есімдіктері)

2. Үстеудің сөйлемдегі басты қызметі (пысықтауыш)

3. Тіліміздегі сөз таптарын зерттейтін сала?

(морфология)

4. «Лексика» сөзі қай тілден енген? (латын тілінен)

5. Жаңа сөздердің жасалу жолдарын зерттейтін сала. (сөзжасам)

6. Фонетика нені зерттейді? (тіл дыбыстарын)

7. Кірігу арқылы жасалған үстеулерге мысал келтіріңіз. (қыстыгүні, жаздыгүні)

8. Бейнелеуіш сөздер көбінесе қандай көмекші етістікпен тіркесіп жасалады? («ет» көмекші етістігі)

9. Көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат есімнің мағыналық түрі. (деректі)

10. Орфография нені зерттейді? (дұрыс жазылуын)

11. *Асқар сабақта емін-еркін отырды.* Сөйлемнен үстеуді табыңыз. (емін-еркін)

12. Сын-қимыл үстеулері қандай сұрақтарға жауап береді? (қалай? қайтіп? қалайша? кімше?)

13. *Бірінші, екінші* сан есімдері сан есімнің қай мағыналық түріне жатады? (реттік сан есім)

14. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? (9)

15. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін атаңыз (бастауыш пен баяндауыш)

16. Айналадағы заттардың бір-біріне соғылуынан, соқтығысуынан пайда болған дыбыстарға еліктеуден туатын сөздер. (еліктеуіш сөздер)

17. Қосымшаның неше түрі бар? (екі: жұрнақ

және жалғау)

18. Жұрнақтың түрлерін ата. (сөз тудырушы, сөз түрлендіруші)

19. Зат есімнің мағыналық түрлерін ата. (деректі, дерексіз, жалпы, жалқы)

20. Табыс септіктегі сөзді қажет ететін етістіктің мағыналық түрі (сабақты етістік)

I кезеңнің қорытындысын тыңдау.

II кезең-“Полиглот”.

(Тиісті сөзді қойып, бірнеше тілде айту.)

1. ... қылды қақ жарған. (қара, черный, black)

2. Атадан жақсы ұл туса,

Есіктегі басын төрге сүйрер.

Атадан ... ұл туса,

Төрдегі басын жерге сүйрер.

(жаман, плохой, bad)

3. Ел қонбаса - ... азады,

Жер болмаса – ер азады. (жер, земля, earth)

4. ... ала болса, ауыздағы кетеді,

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. (алтау, шесть, six)

5. ... тас жарады,

Тас жармаса, бас жарады. (тіл, язык, language.)

6. ... көпті жау алмайды,

Ақылы көпті дау алмайды. (досы, друг, friend.)

7. ... өссе елдің көркі,

Гүл өссе жердің көркі. (қыз, девочка, girl)

8. ... таумен кездеспейді,

Адам адаммен кездеседі. (тау, гора, mountain)

9. Қына тасқа бітеді,

... басқа бітеді.(білім, знание, knowledge)

10. ... сүйектен өтеді,

Таяқ еттен өтеді. (сөз, слово, word)

II кезеңнің қорытындысын тыңдау.

III кезең. «Көрерменнен көрімдік».

(Топ ойыншылары қима қағаздағы сөздерді алып,  
қимылмен немесе жуық сөздермен түсіндіреді.)

Әнші Мысық

Ақыл Жұлдыз

Сандық Телефон

Құс Арыстан

Тау Егін

Күйші Балмұздақ

Ит Ауа

III кезеңнің қорытындысын тыңдау.

IV кезең-“Төрт жұмбақ”

(Оқушылар берілген үзіндінің қай шығармадан  
екенін анықтап, қандай салт-дәстүрдің бар екенін  
анықтауы керек.)

► *Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір  
төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, тоғызыншы  
ұлым бір төбе. Кенжекейің тоғызыншы ұлымдікі  
болсын, - деп бай тоғыз қызға қандай салт-дәстүрдің  
түрін жасап келіпті?*

► Қай шығармадан алынған? Қандай дәстүр?)

“Ер Төстік” ертегісі, құда түсу.

► *Мен айыптымын, менен бір қателік болды,  
шайтанның азғырғанына ердім. Оған себеп – мына  
уәзірлер. Бұлар енді я саған, я маған бір қатер  
қылар. Сен енді іргеңді көтер, бөтен елге көш деп,  
- хан өзінің досына разы болып, бірнеше түйеге  
асыл заттар арттырып, мал беріп, досын Ақша  
ханның еліне көшіріп салады.*

► Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр?  
«Аяз би» ертегісі, енші беру.

► *Алтынмен ішін безеген,  
Сыртты күміс ақ отау  
Келістіріп түзеген  
Арттыруға сайланды.  
Қырық түйе қазына,  
Қырық құл мен қырық күң,  
Қосып берді қызына.*

(Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр?) «Ер  
Төстік» ертегісі, жасау беру.

► *Балаға таңсық болып жүрген байғұс,  
Үйіне алып келіп қылды тойды.  
Тугандай тумаса да қылайын деп,  
Кім деп ол баланың несін қойды?*

► Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр?)  
«Алпамыс батыр» жыры, азан шақырып ат қою,  
шілдехана жасау, бауырына салу.

► *Өлім деген тәңірі иесі,  
Желіккен құлан әңгісі.*

*Құлан мен тұлпар желіккен,  
Жосызан құлан желіккен,  
Балаңды шайнап өлтіріп,  
Жұлмалап жалмап кетіпті.*

► Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр?)  
«Ақсақ құлан Жошы хан» аңызы, естірту.

IV кезеңнің қорытындысын тыңдау.

V кезең-“Жекпе жек”.

(Әр топтың жетекшілері шығып берілген  
«қазақстандықтар» сөзіне бірнеше сөздер құрайды.)

*(қазақ, ас, тақ, тас, тандыр, қазы, тары, арық,  
ар, ата, қаз, ара, нар, атан, тана, асық, ық, ыс,  
Қазақстан, тарақ, сандық, сан, қатар, қақ, ат,  
қасық, ана, зат, атыз, сатқын, т.б.)*

Жалпы барлық кезеңнің қорытындысын тыңдау.

Қорытынды: Оқушылардың тыңдау және есте сақтау қабілеттері арқылы сайыс тапсырмаларына нақты жауапты ойлылықпен айта білетіндіктері байқалды. Жан-жақты білім танымдылықтары арқылы ізденіс, талпыныс мүмкіндіктері көрінді. Сөйлеу дағдысы, тіл мәдениетінде нақты жауап беру үшқырлығы сыналды. Бірін-бірі тыңдай біліп, бағалай білетіндіктері де байқалды. Оқушылар қазақтың ұлттық салт-дәстүрін қадір тұтып, адамгершілік қасиеттерге ие болды. Жеңімпаз топ анықталып, мақтау қағазы тапсырылды.

А.ҮМІТБАЕВА,  
«Н.Островский атындағы  
№4 Күршім орта мектебі» КММ.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Күршім ауданы,  
Күршім ауылы

**«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-  
ЭПОПЕЯСЫНЫҢ «ҚАЙТҚАНДА»  
ТАРАУЫ БОЙЫНША ТЕСТ  
СҰРАҚТАРЫ**

*1. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны .... да таң атар атпастан өзі оятып тұрғызып еді. Үзіндіде кім жайында айтылған?*

А) Байтас; ә) Жұмабай; б) Абай.

*2. -Олар самсаған сары қол. Бұл... ұдайы жау жатады. Тек бізді өзіміздің елдің адамы деп аман қалдырмаса, жер жаман,-деп Жұмабай шошыта сөйлегісі келді. Үзіндіде Жұмабай қай жер туралы айтып тұр?*

А) Көкүйірім; ә) Тақырбұлақ; б) Есембай.

*3. Өзі айтқан «.....бөлтiрiгi»- Абай екен.*

А) Байтас; ә) Құнанбай; б) Абай.

*4. -Жарайсың, «ғайыпқа бұйырмаңыз». Сенің мынауың, менің: «Көшкенде жүк артамын сары атанға, айтамын не бетімді Ойке апана?!»деген*



**өлеңім сияқты болды-ау!- деді. Кімнің сөзі?**

А) Байтас; ә) Жұмабай; б) Абай.

**5. Ал «Қарауыл биігі анау, жасырын жырасы мынау» деген Есембай-Найзатастар болса, ол Абайдың өз ауылының аса мәлім қоныстары. Көктем мен күз уақыттарында, жылында екі рет осы жерлерге Құнанбай ауылдары келіп қонып, ұзақ уақыт отырып, жайлап та кететін. Анау көрініп тұрған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі-барлығы да соншалық таныс, жақын. Тіпті былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға келгенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын. Көркемдегіш құралдың қандай түрі қолданылған?**

А) портрет; ә) кейіптеу; б) пейзаж.

**6. «... бұл жерде ұры бар, сұмдық жер, бәле жатқан жер» деген сөздің қандайы болса да көңілге дарымайды. Қай жер туралы айтылған?**

А) Буратиген; ә) Есембай; б) Тақырбұлақ.

**7. Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып қалған сар-қызыл бәйбіше жаңағы дауыстарды түгел естіді. Өзі үйінен шығарда, төрде отырған енесі Зерені де хабарландырып, сүйемелдеп ерте шықты. Үзіндіде кім суреттелген?**

А) Ұлжан; ә) Телғара; б) Айғыз.

**8. -Балам, бойың өсіп, ер жетіп қалыптың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме?-деді. Кекету ме, жоқ күдік пе? Немесе**

**шынымен білгісі келгені ме? Кімнің сөзі?**

А) Құнанбай; ә) Майбасар; б) Бөжей.

**9. Ұшады бозша торғай көдені ықтап,**

**Басасың аяғыңды нықтап-нықтап,**

**Кәрі әже естімейді, нана берсін,**

**Берейін өлеңіммен шын ұшықтап...- деп кеп,  
тағыз да «су-ф-ф!»деп қойды. Кімнің сөзі?**

А) Абай; ә) Жиренше; б) Байтас.

**10. ..Және осылардың жанына ерткен жас  
жолдасы тәрізді Байсалдың немере інісі-бала  
жігіт... бар. Абайдан жасы үлкендеу болса да, ол  
құрбыша ашна еді. Кім туралы айтылған?**

А) Бөжей; ә) Жиренше; б) Абай.

**11. -Одан да, не күтсеңдер де осы жаман  
қарадан күтсеңдерші!-деді. Құнанбай кім  
туралы айтып отыр?**

А) Бөжей; ә) Жиренше; б) Абай.

**12. Ол сәлем беруді ұмытқан жоқ. Бірақ әкесі  
мен өзге ешкімге қарамастан, келе Абайды  
құшақтай алды. Өзінің де ең жақсы көретін  
туысқаны Абай еді. Екеуінің арасы 5-6 жас.  
Сондықтан Абай қазір де оған аға есепті. Үзінді  
кім туралы?**

А) Оспан; ә) Жиренше; б) Тәкежан.

**13. Әкесінің ат жақты келген, ұзын  
сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз  
жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен  
бетіне, ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы**

*қосылмағанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі , оның көтеріңкі жол-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, сол өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қол берсін, салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші.*

*Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай, осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді. Қандай көркемдеуіш құрал қолданылған?*

А) пейзаж; ә) кейіптеу; б) портрет.

**14. Кімнің сипаттамасы? Қызыл жүзді, жирен сақалды ... денесі ірі, қапсағай. Көкшіл түсті үлкен көздері-әрі салқын, әрі сыр берместей сабырлы.**

А) Байсал; ә) Бөжей; б) Құнанбай.

**15. Үзіндіде баяндалған адамды табыңыз:**

*«...Абай білмеуші еді. Оған бұл ат әуелі «Қозы Көрпеш-Баянның»... елестетті. «Сұм» дегеніне қарағанда да, былтыр Байкөкше ақын бұның шешелеріне жырлап берген... бейнесі сияқты. деп оған ұқсаған біреуді әдейі сол атпен айтып отыр ма деп ойлаған».*

А) Қаратай; ә) Қодар; б) Құнанбай.

**16. Құнанбай қай рудан шыққан?**

А) Ырғызбай; ә) Борсақ; б) Жігітек.

17. Қодардың келіні:

А) Ұлжан; ә) Айғыз; б) Қамқа.

18. Қодардың ұлы:

А) Жиренше; ә) Құтжан; б) Жәмпейіс.

19. *Жарқыраған май түні бір түрлі боп нұрланып, тамылжып тұр. Аспанда ұсақ қана ақ мамық бұлттар қалқиды. Айналадағы жазық пен төбешіктің бәрі де айқара көк. Аласа, тықыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған. Қызғалдақ жауқазын, сарғалдақ, бәйшешек дегендер қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды. Гулеп ұшқан көбелектей көп бояулы, неше алуан. Бөктер желі таңертең әрдайым Шыңғыс аса соғатын қоңыр салқын күйінде. Қазірде де күн қызуын жеңілдетіп, майда қоңыр лептей үріп тұр. Бірақ бұл жарастық, бұл жастық кімдер үшін? Үзіндіде қолданылған көркемдеуіш құралды табыңыз:*

А) пейзаж; ә) портрет; б) метафора.

20. *Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала бозбалалық қалпына бейімделген. Бірақ, әлі сол мүсінде үлкендік жоқ. Толық, балғын емес, сидиып, арықтап, құр созылған сияқты күн көрмей өскен,*

*реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес.*

*Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазір де қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір бозғылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қылаңданып көрінеді. О да ауырғандық пен күн көзінде болмағандық белгісі. Қандай көркемдеуіш құрал қолданылған?*

А) портрет; ә) пейзаж; б) кейіптеу.

**21. «Абай жолы» романының авторы:**

А) Т.Ахтанов; ә) М.Өтемісұлы; б) М.Әуезов.

**22. Кішкентай күнінен ертеқазімені көп сүйетін бала осы жазда, тіпті, көп есітіп, көп біліп алған сияқты.**

*Сондай шеше әңгімелеріне бар бейілін беріп жүрген күндердің бірінде бұл үйге екі бөгде қонақ келіп қонды. Бірі-қартаң, бірі-жас қонақ. Жасын Абай біледі. Таныған жерде қуанып кетті. Ол былтыр жайлауда келіп, осы үйде үш күндей жатып, «Қозы Көрпеш-Баянды» жырлап берген... деген жыршы. Қасындағы қартаң кісіні Абай өзі білмегенмен, шешесі әбден таниды екен. Үзіндіде кімдер туралы баяндалған?*

А) Бөжей, Сүйіндік; ә) Оспан, Майбасар;

б) Байкөкше, Барлас.

**23. Осы жолы Абай әрі ысылып, әрі шешесі арқылы салмақ салып, Барлас пен Байкөкшені дәл... жібермеді.**

А) бір айдай; ә) бір жылдай; б) бір сағаттай.

24. *Шырағым, ер жетерсің,*

*Ер жетсең сірә не етерсің,*

*Алысқа шырқап кетерсің,*

*Шындасаң шыңға жетерсің,- деп кеп Абайға*  
*домбырасын ұсынды. Кімнің сөзі?*

А) Бөжей; ә) Барлас; б) Байтас.

25. *«... әуелде көп-көп ертектер айтқан «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құла мерген»-бәрі де айтылды. Оның әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті көш бойы да Абай айтқыза беретін болды». Үзінді кім туралы?*

А) анасы; ә) әкесі; б) әжесі.

26. *Екі күн өткен соң, ауыл Көлқайнардан Шыңғысқа қарай көшті.*

*Бірталайдан бері, ел-елдің үлкендері, шаруа иелері «жайлаудың тоңы жібіді ме екен? Көгі жетілді ме екен?» деп, өткен-кеткеннен ылғи сұрау салумен болған. Бауыр, бөктер көктегенмен, Шыңғыстың сырты тез жылына қоймайтын да, ерте көктемейтін. Қар қалың түсетін биік сырт. Бар Тобықтының мол сулы, кең жайлауы ұзақ өріс, мол қоныстары сол Шыңғыстың ар жағында. Қандай көркемдеуіш құрал қолданылған?*

А) пейзаж; ә) портрет; б) метафора.

27. Абайды «Текебай тентек» деп кім атаған?

А) Оспан; ә) Жиренше; б) Тәкежан.

*28. Қарашоқы Қодар қыстауынан алыс емес. Шыңғыстың үлкен биігінің бірі. Соның бауыры әдемі, тоғайлы өзен болатын. Тал-терегі болсын және тау қайыңы-қисықша қызыл қайың болсын, барлығы да көтеп, жайнап тұр. Бұл ара бір құйқалы, жақсы қыстау. Бөкениші, Борсақ ерте кеп, осында орнап қап, әрі бауыр басып келеді.*

*Ырғызбай ішінен әсіресе осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын. Бұнда отырған ауылдар Борсақ, Жексен аулы. Ол Борсаққа әлдеқандай көрінгенмен, өзге жұрттың келесінде бұта құрым болатын. Қандай көркемдеуіш құрал қолданылған?*

А) портрет; ә) метафора; б) пейзаж.

*29. Келіні Қамқа мен Құтжан арасының тәттілігі өзгеше еді. Бұл бейшара жетім қыз еді. Құтжан сонау алыстағы Сыбан ішіндегі нағашыларын іздеп барып, содан алып қашып келген. Бұнда да артынан оралар, ие шығар туыс жоқ. Сондықтан ба, әйтеуір Қамқа Құтжанмен осы үйдің тілеуіне бар ынтасымен құлаған еді. Үзіндіде кімнің баласы суреттелген?*

А) Қодар; ә) Бөжей; б) Құнанбай.

**30. Ізғұттының әйелі:**

А) Айғыз; ә) Зере; б) Тоғжан.

**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы  
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж** **Қуәлігі** берілген.

Басуға 05.11.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №11, 2017 ж., 144 бет, Алматы.